



GOV4C

2021

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Мазмұны

КІРІСПЕ

Есеп туралы

I. БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі

Басқарма төрағасының алғы сөзі

II. МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ БЕЙІНІ

1. Құрылу тарихы. Миссиясы, пайымы, даму стратегиясы

2. Құндылықтар және корпоративтік мәдениет

3. Стратегия қорытындылары, жылдың оқиғалары мен жетістіктері

III. 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

4. Операциялық қызмет

5. Ақпараттық технологиялар

6. Тәуекел-менеджмент

7. Тұрақты даму

8. Ақпараттық-имидждік жұмыс

9. Персонал

10. Даму перспективалары

IV. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

11. Корпоративтік басқару жүйесі

12. Жалғыз акционер. Директорлар кеңесі.

Омбудсмен. Ішкі аудит және комплаенс бақылау

13. Басқарма

V. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

13. Қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері

14. 2017-2021 жылдардағы сыртқы аудитор туралы ақпарат



ЕСЕП ТУРАЛЫ

Осы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ-ның 2021 жылғы қызметі туралы жылдық есептің (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация, Есеп тиісінше) мақсаты мүдделі тараптарға даму стратегиясы, мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметтің қол жеткізілген нәтижелері, корпоративтік басқару жүйесі, қаржылық көрсеткіштер және Мемлекеттік корпорацияның тұрақты даму саласындағы жауапкершілік туралы толық және нақты ақпарат беру болып табылады.

Есеп Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) ақпаратты ашу саласындағы заңнамалық талаптарына, Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару кодексіне және ақпаратты ашу және Есепті дайындау тәртібін айқындайтын ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес дайындалды.

Есеп жыл сайын мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады және Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz веб-сайтында қолжетімді болып табылады.

Осы Есеп Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 маусымдағы шешімімен бекітілген.





БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ





«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Әсет Тұрысов

Құрметті қазақстандықтар және әріптестер!

Цифрландыру біздің елімізде белсенді дамуды жалғастыруда және қазір біздің қызметіміздің барлық салаларына әсер етті. Бұл өте жақсы, өйткені бұл процесс қазақстандықтарға дүкендегі әдеттегі төлемнен бастап ипотекаға пәтер сатып алуға дейінгі өмірді айтарлықтай жеңілдетеді.

Сондықтан цифрландырудың маңызды бөлігі әрқашан мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласы болып келді және солай болып қала береді. Осы кезеңде біз барлық мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді онлайн-форматқа 100% ауыстыруға қол жеткізуге жақынбыз. Содан кейін біз тағы бір маңызды мақсатты орындаймыз – адамдар түрлі анықтамаларды жүгіріп жинауды тоқтатады, мұнда деректер «жүгіруі» тиіс.

Бұл мәселеде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бірыңғай провайдері бола отырып, цифрландырудың флагманы болып саналуы мүмкін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы маңызды рөл атқарады.

2021 жылы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік корпорациямен және әріптестермен бірлесіп, бірқатар маңызды инновациялық жобаларды енгізді: QR-код арқылы мемлекеттік баждарды төлеу, құқыққа емтихан тапсыру кезіндегі биометриялық жүйе, бір күндік цифрлық ипотека.

Мемлекеттік корпорация мен оның қызметкерлерінің жұмысы халықаралық деңгейде бағаланды - 2021 жылғы желтоқсан айында ол мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы инновациялық тәсілдер үшін БҰҰ-дан арнайы сыйлық алды.

Біз үшін әрқашан біздің адамдар басты ресурс болған және біз қызметкерлеріміз үшін де, мемлекеттік қызметтерді алуға жүгінетін қазақстандықтар үшін де қолайлы жағдай жасаймыз. Біздің ішкі және сыртқы клиентіміз әрдайым қанағаттануы үшін біз мұны одан әрі жалғастырамыз.

Цифрландыру келешегі алыс емес, біз оған өте жақындадық. Біздің көпшілігіміз бірнеше жыл бұрын интернеті бар смартфонға ие бола отырып, үйден кез келген анықтаманы алуға, ЖК ашуға, автокөлікті сатып алуға және тіркеуге және басқа да көптеген қызметтерді алуға болатынын елестете алмадық.

Күн сайын еліміздің барлық өңірлерінде қазақстандықтарға мемлекеттік қызметтерді жедел және ыңғайлы алуға көмектесетін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының барлық қызметкерлеріне тамаша жұмыстары үшін алғыс айтқым келеді.

Құрметті клиенттер, серіктестер, әріптестер!

Сіздердің назарларыңызға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының 2021 жылғы қызметінің нәтижелері туралы жылдық есепті ұсынамыз.

Өткен жылы Мемлекеттік корпорация арқылы 17 млн. астам мемлекеттік қызмет көрсетілді, қазақстандықтардың өмірін жеңілдететін бірқатар жобалар іске асырылды.

Біз AppStore және Play Market-тен жүктеу үшін қолжетімді «ХҚКО» мобильді қосымшасын әзірлеп, іске қостық. Қазақстандықтар қосымшада ХҚКО операторымен бейне қоңырау шалу арқылы 13 мемлекеттік қызметті ала алады.

Банктермен ынтымақтастықтың арқасында Kaspi және NaLyk Bank мобильдік қосымшалары арқылы автокөлікті тіркеу уақытын 15-25 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік туды. Осылайша, 2021 жылы бұл қызметті 626 мың рет пайдаланған.

Өткен жылы біз дайын құжаттарды жеткізу қызметін іске қостық. Бүгінгі таңда бұл қызмет 135 мемлекеттік қызмет бойынша 16 қалада қолжетімді.

Фронт-офистер желісі бойынша біз өзіне-өзі қызмет көрсетуге бағдарлана отырып, мемлекеттік қызметтерді толық қағазсыз көрсетуге тырысамыз және процестерді автоматтандыру, ХҚКО сервисінің сапасын арттыру, қызмет көрсетудің жаңа форматтарын енгізу бойынша барлық қажетті жұмыстарды жүргіземіз.

2021 жылғы сәуір айында Мемлекеттік корпорацияға 1414 Бірыңғай байланыс орталығы берілді. Бүгінде 7 қалада офистер жұмыс істейді, омниканалдық жүйеге көшу жүзеге асырылды, оператордың жауабын күту уақыты 16 секундқа дейін қысқарды.



«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы

Сүйеніш Әбділдин

1 260

Қызмет түрі

325

Фронт офис

68

Мобильдік ХҚКО

19

Филиал

442

Бэк-офис

20 мың

Қызметкер

15-25 минут

Автокөлікті тіркеу
уақыт



2021 жылы әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің эксаумақтық қағидатына көшу бойынша жұмыс басталды, 2021 жылдан бастап бала тууға байланысты жәрдемақылар мен төлемдерді тағайындау бойынша 3 қызмет тіркеу орнына байланыссыз көрсетіледі.

Сондай-ақ Freedom Finance Bank, Halyk Bank, Отбасы банкімен ынтымақтастықта blockchain технологиясын қолдана отырып, жылжымайтын мүліктің банктік кепілдерін тіркеу бойынша пилоттық жоба іске асырылды. Құқықтық талдау процесін автоматтандыру есебінен банктер өтінім берген сәттен бастап тіркеуге дейінгі уақыт 3 минутты құрады. Осылайша, 2021 жылы 2 850 өтініш берілген.

Біздің қызметіміздің нәтижесі ретінде 2021 жылғы желтоқсан айында бізге цифрлық трансформация арқылы мемлекеттік қызметті дамытуға қосқан үлесі үшін БҰҰ сыйлығы берілді.

Жер учаскелерін алу процесін барынша оңайлату мақсатында, жер учаскелері туралы барлық ақпарат, оның ішінде иелері туралы мәліметтер көрсетілетін жария кадастрлық карта әзірленді.


**eOtinish -
платформасы
әзірленіп, енгізілді**



1,1 млн
өтініш

Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры шеңберінде, eGov.kz порталында аукциондар арқылы жер учаскелерін беру жөніндегі пилоттық жоба іске асырылуда.


Бүгінде eGov.kz порталында кәсіпкерге бизнес ашу үшін өтінішті толтыру жеткілікті және тіркеу бір сағатта жүргізіледі. Сондай-ақ eGov.kz порталында Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің қатысуынсыз, автоматты режимде заңды тұлғаның басшысын өзгерту бойынша хабарлама жасау тәртібіндегі қызмет іске асырылды.




“Біздің клиенттерге, қызметкерлерге және серіктестерге жемісті ынтымақтастық үшін алғыс айтамын.”

Сүйеніш Әбділдин
«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы





МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ БЕЙІНІ

- 
1. Құрылу тарихы. Миссиясы, пайымы, даму стратегиясы
 2. Құндылықтар және корпоративтік мәдениет
 3. Стратегия қорытындылары, жылдың оқиғалары мен жетістіктері



1. ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ. МИССИЯСЫ. ПАЙЫМЫ. ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Мемлекеттік корпорацияның тарихы ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 39 қаулысы негізінде оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күні - 2016 жылғы 7 сәуірден басталады.

Мемлекеттік корпорация шаруашылық жүргізу құқығындағы 4 республикалық мемлекеттік кәсіпорынды біріктіру жолымен құрылды: Халыққа қызмет көрсету орталығы, Жылжымайтын мүлік орталығы, Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық.

Бастапқы кезеңде Мемлекеттік корпорацияның құрылымына Директорлар кеңесі, Басқарма аппараты (19 құрылымдық бөлімше), 70 филиал, оның ішінде 4 Дирекция: мемлекеттік қызметтер көрсету, жер кадастры, жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру, әлеуметтік төлемдердің ведомствоаралық есептеу орталығы және 1 өкілдік қамтылды. 2021 жылғы желтоқсан бойынша Мемлекеттік корпорацияның құрамында 19 филиал болды.

История создания



2016 жылғы 8 сәуірде әділет органдарында Мемлекеттік корпорацияның облыс орталықтарындағы және Астана (қазіргі Нұр-Сұлтан), Алматы қалаларындағы филиалдары тіркелген.



2016 жылғы 23 маусымда Директорлар кеңесінің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның 2016-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілген, ол жеке және заңды тұлғаларға бірыңғай провайдер көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасын, ашықтығы мен Оолжетімділігін арттыру бағытын айқындады.



2018 жылғы 6 сәуірде Директорлар кеңесі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бірыңғай провайдері ретінде Мемлекеттік корпорацияны одан әрі дамыту, азаматтар мен бизнеске қызмет көрсетудің цифрлық форматына көшу, Мемлекеттік корпорацияның адами капиталын дамыту жөніндегі стратегиялық бағыттары бар 2018-2022 жылдарға арналған өзектілендірілген Даму стратегиясын бекіткен.



Қызметті оңтайландыру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2017 жылғы мамыр айында Дирекциялар таратылды, Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі орталық филиал (бұдан әрі – Орталық филиал) құрылды, Дирекцияларға есеп беретін филиалдарды біріктіру арқылы өңірлерде бірыңғай аумақтық филиал құрылған.



2018 жылғы шілде айында Мемлекеттік корпорацияға ҚР Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу функциялары берілген.



2018 жылғы желтоқсан айында Мемлекеттік корпорация аудиттен сәтті өтіп, ISO 9001:2015 сериялы халықаралық сапа сертификатын алған.



2019 жылғы шілде айында Мемлекеттік корпорацияға ҚР Әділет министрлігінің заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және коммерциялық ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу функциялары берілген.



ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен Мемлекеттік корпорация ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің (бұдан әрі - ЦДИАӨМ) қарамағына берілген.



ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 15 қазандағы № 765 қаулысымен Мемлекеттік корпорация ЦДИАӨМ Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің (бұдан әрі - МКҚК) қарамағына берілген.



2021 жылғы 1 сәуірден бастап ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № 27 қаулысының негізінде Мемлекеттік корпорация Бірыңғай байланыс орталығы (бұдан әрі - ББО) болып айқындалған.

Миссиясы

Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің проактивті қағидатын енгізу, оларды технологиялық шешімдерді пайдалана отырып және жоғары сервис деңгейін қамтамасыз етіп, ыңғайлы заманауи арналар арқылы бірыңғай провайдермен көрсету.

Пайымы

Мемлекеттік корпорация – проактивті, клиентке бағдарланған және инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, көрсетілетін қызметті алушылардың сұранымдарына жауап беретін қызметтер мен сервистерді алудың бірыңғай алаңы.

2018-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы

1. Мемлекеттік корпорацияны мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бірыңғай провайдері ретінде дамыту.

Мақсаты: Мемлекеттік корпорацияның азаматтар мен бизнес үшін бір көзден қызметтер мен сервистерді көрсетуі, бірыңғай провайдердің қызметін жетілдіру.

Міндеттері: Мемлекеттік корпорацияның қызметтер мен сервистерді алудың бірыңғай алаңына айналуы; сапа менеджменті жүйесін енгізу.

1. Азаматтар мен бизнеске қызмет көрсетудің цифрлық форматына көшу.

Мақсаты: заманауи инфрақұрылым және жаңа технологияларды қолдану шарттарында халыққа және бизнеске электрондық форматта қызметтер мен сервистерді ұсыну.

Міндеттері: мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру; мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінде инновациялық технологияларды енгізу; «Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры» (БМЖМК) ақпараттық жүйесін құру.

1. Мемлекеттік корпорацияның адами капиталын дамыту.

Мақсаты: меритократия, персоналды басқару тиімділігі қағидаттарын енгізу, корпоративтік мәдениет пен әлеуметтік тұрақтылықты дамыту.

Міндеттері: HR-функцияларының тиімділігін арттыру.

Осылайша, Мемлекеттік корпорацияның 2018-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес басты мақсаты азаматтар үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алудың жоғары сапасын, қолайлылығы мен қарапайымдылығын қамтамасыз ету болды. Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы шешімімен Мемлекеттік корпорацияның 2022-2026 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы бекітілді (ақпарат осы Есептің 10-бөлімінде).



2. ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

2019 жылғы 26 қарашада Мемлекеттік корпорация Басқармасы SANA кодексін бекітті, ол корпоративтік құндылықтар жүйесін, жұмыскерлердің мінез-құлқының негізгі нормалары мен қағидаларын, корпоративтік өзара әрекет ету процестерін айқындап, Мемлекеттік корпорация мәдениетінің негіздерін қалыптастырды.

S **SENIM**
(сенім):

- 1) біз әрқашан Сіздермен бірге еліміздің азаматтарына өмір бойы сапалы мемлекеттік қызметтерді ұсынамыз;
- 2) біз біртұтас командамыз, әр түрлі ойлаймыз, бірақ мақсатымыз бір;
- 3) біз шын жүректен көмекке мұқтаж кез келген адамға көмектесуге тырысамыз.

A **ASHYQTYQ**
(ашықтық):

- 1) біз азаматтар мен бизнестің цифрландыруға тартылуын арттырамыз;
- 2) біз бәріне ашықпыз, проблемаларды жасырмай немесе үндемей қалмай шешеміз;
- 3) біз цифрлық технологиялар арқылы инновациялар мен көшбасшылықты дамытамыз.

N **NÁTIJE**
(нәтиже):

- 1) біздің клиенттер сапалы нәтиже алады;
- 2) біз жұмыскерлерді нәтижелерге қол жеткізгені және дамытқаны үшін ынталандырамыз;
- 3) біз өз дағдарларымызды үнемі жетілдіріп отырамыз.

A **ABYROI**
(абырой):

- 1) өз халқына адал, жауапты және таза қызмет ету біз үшін абырой;
- 2) біз шындықты айтамыз, сөзімізде тұрамыз және өз іс-әрекеттеріміз үшін жауапкершілікте боламыз;
- 3) біз сыбайлас жемқорлыққа, құқықтар мен заңдарды бұзуға деген нөлдік төзімділікті мәлімдейміз.

SANA Кодексін іске асыру, корпоративтік, сервистік және инновациялық мәдениетті қолдау және дамыту мақсатында, Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік іс-шаралар, Town-Hall, спартакиадалар, тимбилдингтер өткізіледі, Жастар кеңесі мен Ардагерлер кеңесі жұмыс істейді, Бастамаларды қарау жөніндегі сараптамалық кеңес жұмыс істейді, сервистік мәдениет (NPS) пен корпоративтік мәдениетті (жұмыскерлердің тартылу деңгейі) диагностикалау, персоналды бағалау жүргізіледі, SANA құзыреттілік мектебі жұмыс істейді.



3. СТРАТЕГИЯ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ, ЖЫЛДЫҢ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

Мемлекеттік корпорацияның 2018-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясында 5 қызметтің негізгі көрсеткіші (бұдан әрі – ҚНК) көзделген.

№ р/б	ҚНК	Өлш. бірл.	2021	
			Жоспар	Факт
1-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызмет көрсетудің бірыңғай провайдері ретінде дамуы				
1-мақсат: Мемлекеттік корпорацияның азаматтарға және бизнеске бір көзден қызметтер мен сервистерді көрсетуі, бірыңғай провайдер қызметін жетілдіру				
1	Мемлекеттік корпорациямен көрсетілетін қызметтер сапасына халықтың қанағаттану деңгейі	%	87	98,22
2	Коммерциялық қызметтен табыстың жыл сайын артуы (алдыңғы жылғы фактімен салыстырғанда)	%	+1	+16,6
2-стратегиялық бағыт. Азаматтар мен бизнеске қызмет көрсетудің цифрлық форматына көшу				
1-мақсат: Заманауи инфрақұрылым мен жаңа технологияларды қолдану шарттарымен халыққа және бизнеске қызметтер мен сервистерді электрондық форматта көрсету				
3	Цифрлық ХҚКО ашу (фронтфистерді трансформациялау)	шт	3	6
3-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік корпорацияның адами капиталын дамыту				
1-мақсат: Меритократия, персоналды тиімді басқаруды енгізу қағидаттарын енгізу, корпоративтік мәдениет пен әлеуметтік тұрақтылықты дамыту				
4	Жұмыскерлерді материалдық, материалдық емес ынталандыруды енгізу арқылы кадрлар ауыспалылығының үлесі (жұмыскерлердің жалпы санының пайызы)	%	10	12,7
5	Кәсіптік және жеке-іскерлік құзыреттілігі арқылы біліктілігін арттырудан өткен қызметкерлер үлесі	%	18	19,53

Есептік жыл ішіндегі Даму стратегиясын іске асырудың негізгі нәтижелерін келесі жобалар деп атауға болады

- 1) Мемлекеттік корпорацияның Таланттар пулын (ішкі резервін) құру. Бұл Қазақстанда кадрлық резерв құру бойынша еліміздегі төртінші жоба (мамыр).
- 2) Жылжымайтын мүлік бойынша тіркеу іс-әрекеттерінің 26 түрін электрондық форматқа көшіру (қараша).
- 3) Әлеуметтік қамсыздандыру саласында 3 мемлекеттік қызмет көрсетудің проактивті тәсілін енгізу (сәуір, шілде).
- 4) Бала тууға байланысты жәрдемақылар мен төлемдерді тағайындау бойынша 3 мемлекеттік қызмет көрсетудің экзаумақтық қағидатын енгізу (шілде).
- 5) Пилоттық жоба шеңберінде Мемлекеттік корпорация арқылы атаулы әлеуметтік көмекті төлеу (қараша).
- 6) «ХҚКО» жеке мобильдік қосымшасын әзірлеу (қараша)
- 7) Жылжымайтын мүлікке кепілді тіркеу бойынша Blockchain технологиясын қолданумен қызметтер тізімін ұлғайту (қараша).
- 8) Жүргізуші куәліктерін беру мемлекеттік қызметін алу кезінде азаматтарды биометриялық сәйкестендіруді іске асыру (қараша).
- 9) Жаңа брендбукты ескере отырып, Нұр-Сұлтан (Есіл ауданы), Шымкент, Қызылорда, Көкшетау, Петропавл қалаларында және Түркістан облысының Ордабасы ауданында 6 «Халықтың цифрлық кеңселерін» іске қосу.
- 10) Грейдирлеу жүйесін әзірлеу (желтоқсан).










2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

- 4. Операциялық қызмет
- 5. Ақпараттық технологиялар
- 6. Тәуекел-менеджмент
- 7. Тұрақты даму
- 8. Ақпараттық-имидждік жұмыс
- 9. Персонал
- 10. Даму перспективалары

4. Операциялық қызмет

Мемлекеттік корпорация келесі бағыттар бойынша қызмет көрсетеді:

-  «Бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерге құжаттарды қабылдау және нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
-  Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру;
-  Коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу;
-  Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу;
-  Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу
-  Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу;
-  Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру





Операциялық қызмет


Фронт-офистер



331

фронт-офис

- 299 – халыққа қызмет көрсету бөлімдері;
- 32 – секторлар;
- оның ішінде 29 - Көлік құралдарын тіркеу және автодромдары бар жүргізуші куәліктерін беру жөніндегі мамандандырылған бөлімдер (бұдан әрі - мамандандырылған ХҚКО) және 72 - мамандандырылған ХҚКО секторлары (Халыққа қызмет көрсету бөлімінің ішінде).



17 521 401


мемлекеттік қызмет көрсетілген

- қағаз нысанда операциялық зал арқылы - 17 426 303 қызмет немесе 99,5% (2020 жылы - 16 168 809 немесе 98,6 %);
- электрондық нысанда – 95 098 қызмет немесе 0,5% (2020 жылы - 218 538 немесе 1,3%).

*2020 жылмен салыстырғанда көрсетілген қызметтердің жалпы санының 1 134 054 бірлікке немесе 6,9% артуы байқалады.

2021 жылы ең көп сұранысқа ие мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

- ҚР Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәлігін беру және кері қайтарып алу;
- ҚР Ішкі істер министрлігінің желісі бойынша қызметтер (көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу, жүргізуші куәлігін беру, ҚР азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер беру, ҚР азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу, еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру және оны ұзарту);
- жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу;
- жер учаскесіне актілерді дайындау және беру;
- жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық паспорт беру;
- азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру.




- қызметтердің жалпы саны
- Талап етілген қызметтер



Операциялық қызмет

Фронт-офистерде мемлекеттік қызметтерді көрсету



■ **99,98%**
сапалы көрсетілген мемлекеттік қызметтердің үлесі

■ **0,02%**
Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің кінәсінен бас тарту, тоқтата тұру, мерзімін ұзарту, ресімдеу уақытын бұзушылықтар саны
саны 3 462

2021 жылдың қорытындысы бойынша

Фронт-офистердің қызметін жедел үйлестіру, олардың нақты уақыт режиміндегі жұмыс процестерін бақылау және мемлекеттік қызметтер көрсету барысында халықпен кері байланысты қамтамасыз ету үшін, Ахуалдық орталық жұмыс істейді.

- Ахуалдық орталықтың қызметіне Басқарма аппаратының 11 оператор-маманы және филиалдарда 1 маманнан тартылған.
- Ахуалдық орталық 311 фронт-офисте орнатылған **316** бейнетіркегішпен және **1873** бейнекамерамен (490 цифрлық және 1 383 аналогтық камера) жабдықталған..
- Ахуалдық орталықты техникалық жарақтандырудың жеткіліксіздігі мен әлсіз мүмкіндіктеріне байланысты 2021 жылғы шілде айында Ахуалдық орталықты дамыту тұжырымдамасы әзірленіп, бекітілді, оны енгізу фронт-офистер қызметінің тиімділік көрсеткіштерін арттырады.

Product Experience

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру мақсатында, Мемлекеттік корпорация есептік кезеңде көрсетілетін қызметті алушылармен Product Experience - кері байланыс жүйесін енгізді, ол 2021 жылғы шілдеде іске қосылған.

Бағдарлама келесі әрекеттерге арналған:

- белгілі бір кезеңде кері байланысты жинауға,
- алынған пікірлерді топтастыруға,
- проблемаларды басқаруға,
- фронт-офистер (Халыққа қызмет көрсету бөлімдері), өңірлер және бүкіл республика бойынша талдау жүргізуге арналған.
- Кері байланысты жинау көрсетілетін қызметті алғаннан кейін СМС-тарату арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ бағдарлама нақты уақыт режимінде NPS (Net Promoter Score - клиенттердің бейілділік индексі) бақылауға мүмкіндік береді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша NPS деңгейі 87% құрады.

- Сондай-ақ 2021 жылғы 15 қараша мен 25 желтоқсан аралығы кезеңінде фронт-офистерде 6 689 респондентке сауалнама жүргізу әдісімен және 1 409 респондентке қоңырау шалу арқылы Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына халықтың қанағаттану деңгейін өлшеу үшін көрсетілетін қызметті алушыларға жаппай сауалнама жүргізілді.

- Социологиялық зерттеу қорытындысы бойынша қанағаттану деңгейі Customer Satisfaction Index (CSI) әдісі бойынша есептелген 98,22%-ға айқындалды.




Есептік кезеңде фронт-офистердің қызметі бойынша келесі жобалар іске асырылды:

Фронт-офистерді азаматтарға онлайн кеңес беруге қайта бағдарлау мақсатында, Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметтерді электрондық түрде өз бетінше алу үшін «ХҚКО» жеке мобильді қосымшасын (бұдан әрі - Қосымша) әзірледі.

Автоматтандырылған автодромдарды жаңғырту шеңберінде магниттік датчиктер негізінде ескі LFMC-жүйені жаңа GPS-жүйесіне ауыстыру жұмыстары жүргізілді, онда практикалық емтихан спутниктік сигнал арқылы өтеді.

Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Арқалық және Жаркент қалаларындағы автодромдарда GPS-жүйесіне көшу аяқталды, Жаңаөзен қаласында автоматтандырылған автодром құрылысы басталды.



Қосымша пилоттық режимде 2021 жылғы қарашадан бастап жұмыс істейді.

- ✓ 7 828 пайдаланушыда орнатылған
- ✓ 550 мемлекеттік қызмет көрсетілген
- ✓ 5 189 бейне қоңырау операторларға
- ✓ 24 қызмет түрі

6 Халықтың цифрлық кеңесі келесі облыстарында іске қосылды:

- Нұр-Сұлтан,
- Шымкент,
- Ақмола,
- Солтүстік Қазақстан,
- Қызылорда
- Түркістан облыстарында.

Халықтың цифрлық кеңселерінде қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін жаңа технологияларды пайдалану жоспарлануда:

- әрбір аймақтың жүктемесіне қарай азаматтар ағынын бағыттап отырып, электрондық кезекті басқарудың жаңартылған модулі,
- ұсынылған талондарды талдау,
- мемлекеттік қызметтерді алу процесінде жеке тұлғаны биометриялық сәйкестендіру және т. б.

«Ustudy» ЖШС-мен бірлесіп, Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды қалаларының Мамандандырылған ХҚКО-ларында теориялық емтихан тапсыру процесін жетілдіру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Тестілеудің ашықтығы заманауи инфрақұрылым есебінен қамтамасыз етіледі:

бейімделген, қауіпсіз және оңтайландырылған операциялық жүйені,

емтихан тапсырушының әрбір жұмыс орнына IP камераларды орнату

емтихан сыныбының операторы үшін ахуалдық орталықтың жұмысы, тестіленушілерді биометриялық сәйкестендіруге негізделген тестілеудің жаңа жүйесі.



Есепті кезеңде келесі фронт-офис жобалары іске асырылды:



Касpi Банк және Halykbank-пен бірлесіп, «QR-төлем» жобасы іске қосылды. ХҚКО ИАЖ-да QR-кодты қосарлаушы мониторға шығару функционалы пысықталды, сондай-ақ фронт-офистердегі операторлардың жұмыс үстелдерінде тиісті ақпарат орналастырылды.



2021 жылы Касpi QR арқылы 2.8 млрд. теңгеден астам сомаға 590 000-нан астам төлем, Halykbank арқылы - 37 млн. теңгеден астам сомаға 47 000-нан астам төлем жүргізілді. Бұл ретте, фронт-офистерде QR төлемдердің үлесі 30%- дан астамды құрайды.

2021 жылдың қыркүйек айынан бастап тұрғын үйде тіркелетін тұлғалар туралы тұрғын үй иелерін SMS-хабарландыру сервисі енгізілді. Бұл сервис үшінші тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша тіркеу мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Сервис кері бағытта да жұмыс істейді - тұрғын үй иесі оны тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығарған кезде адамды хабардар етеді.

Пилоттық режимде Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау, Ақтөбе, Талдықорған, Петропавл қалаларында құжаттарды (мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижелерін) жеткізу қызметі енгізілді. Жоба басталғаннан бері 3 121 құжат жеткізілген.

ұжаттарды жеткізу 135 мемлекеттік қызмет бойынша жүргізіледі. 2022 жылға жобаны Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Семей, Тараз, Орал, Өскемен, Екібастұз қалалары бойынша масштабтау жоспарланған.

Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру

Әлеуметтік салада Мемлекеттік корпорация 44 төлем түрі бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетеді: 39 - республикалық бюджеттен және 5 - «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-дан (бұдан әрі - МӘСҚ). 2021 жылы 1 827 506 мемлекеттік қызмет көрсетілген (2020 жылы – 1 676 594). Оның ішінде 1 043 023 қызмет (2020 жылы - 979 700) республикалық бюджеттен төлемдер тағайындау бойынша, 784 483 қызмет (2020 жылы - 696 894) МӘСҚ қаражатынан төлемдер тағайындау бойынша көрсетілген.

Төлем түрлері бөлінісінде көрсетілген қызметтер бойынша ақпарат:

Мемлекеттік қызмет түрлері	2020	2021
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ		
Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау	107 804	110 026
Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау	117 444	119 728
Мүгедектік бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау	55 929	64 578
Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар тағайындау	88	47
Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау	15 640	25 472
Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау	2020	2021
Баланың тууына және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау	429 193	463 038
1-топтағы мүгедектің күтімі бойынша жәрдемақы	1 349	1 305
Жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау	109 378	130 989
Банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалар қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау	1 349	1 305
Инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма төлемі (мемлекеттік кепілдік)	35 414	22 420
«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау	6 516	9 108
Көпбалалы отбасына жәрдемақы тағайындау	86 325	80722
Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәліктер беру	3 432	2 268
Жиыны:	979 700	1 043 023

Төлем түрлері бөлінісінде көрсетілген қызметтер бойынша ақпарат:


Мемлекеттік қызмет түрлері	2020	2021
МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ		
Мынадай әлеуметтік тәуекелдер жағдайларына әлеуметтік төлемдер тағайындау: асыраушысынан айырылу, еңбекке қабілеттілігін жоғалту, жұмысынан айырылу, жүкті болу мен босануға байланысты табысынан айырылу, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу	696 894	784 483

Бэк-офистер Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистері, Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдері (бұдан әрі - МӘС), жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері (бұдан әрі – ЖҚӘББ), «электрондық үкімет» порталы (бұдан әрі – eGov), Электрондық еңбек биржасы (бұдан әрі - ЕНБЕК), сыртқы платформалар (Kaspi Bank, Halykbank) арқылы берілген өтініштерді өңдейді.



Құжаттардың түсу көздері бөлінісіндегі ақпарат:


Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласында қызмет көрсетілді:



Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мәселелері бойынша өтініш алды:



2020 жылы сұранымдардың едәуір санын (408 816 немесе 34%) төтенше жағдай кезеңінде 42 500 әлеуметтік төлем, азық-түлік-тұрмыстық жиынтықтар беру және есептік жылы қызмет көрсетілмеген егде жастағы адамдарға көмек көрсету бойынша өтініштер құрады, бұл ретте көрсетілген қызметтер көлемі аздап төмендеді.

Өңірлер бөлінісінде көрсетілген қызметтер саны:



Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды электронды тіркеу

Өңірлер бөлінісінде көрсетілген қызметтер саны:


Құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру



Ақпараттық қызметтер


Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру

Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру желісі бойынша



325 757

325 757 қызмет көрсетілген
eGov арқылы 103 259



456 458

456 458 қызмет көрсетілген
eGov арқылы 103 976

Филиалдар	Барлығы көрсетілген қызметтер	Техпаспорт беру	оның ішінде eGov арқылы	Техпаспорттың тел нұсқасын беру	оның ішінде eGov арқылы	Құқықтық кадастрға енгізу	оның ішінде eGov арқылы
Нұр-Сұлтан	76510	72958	25677	1589	363	1963	507
Алматы	57139	50172	4232	898	158	6069	2724
Ақмола облысы	16407	13987	4531	336	43	2084	204
Ақтөбе облысы	23818	18502	3376	173	5	5143	5143
Алматы облысы	41920	22449	3156	265	55	19208	3645
Атырау облысы	17067	11780	285	280	35	5007	143
Шығыс Қазақстан облысы	23389	19886	1703	370	40	2683	125
Жамбыл облысы	19310	14381	6769	175	15	4754	999
Батыс Қазақстан облысы	18986	15415	2367	237	64	3334	273
Қарағанды облысы	32055	28814	5746	715	119	2526	156
Қостанай облысы	16195	14024	2998	517	47	4729	437
Қызылорда облысы	14095	8667	2780	383	37	5045	1074
Маңғыстау облысы	22296	17297	2993	270	46	1654	1218
Павлодар облысы	16698	13331	5114	508	98	2859	17
Солтүстік Қазақстан облысы	8009	6499	2700	247	36	1263	518
Түркістан облысы	26912	14661	2820	259	9	11992	1418
Шымкент	25652	18857	6823	233	36	6562	99
Жиыны:	456 458	361 680	84 070	7 455	1 206	86 875	18 700

Өңірлер бөлінісінде көрсетілген қызметтер саны

Қызмет түрлері бойынша көрсетілгені:


ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрға енгізу (пайдалануға беру актісі) – 86 875, оның ішінде eGov арқылы – 18 700 (2020 жыл – 64 499, оның ішінде eGov арқылы – 13 079), 2020 жылмен салыстырғанда 34,7%-ға өскен, оның ішінде eGov арқылы – 42,9%;

жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру (техникалық паспортпен қорытынды беру) – 361 680, оның ішінде eGov арқылы – 84 070 (2020 жыл – 256 976, оның ішінде eGov арқылы – 89 442), 2020 жылмен салыстырғанда 40,7%-ға ұлғайды, оның ішінде eGov арқылы 6%-ға азайды;


жылжымайтын мүлікке техникалық паспорттың телнұсқасын беру - 7 455, оның ішінде eGov арқылы – 1 206 (2020 жылы – 4 282, оның ішінде eGov арқылы - 738) 2020 жылмен салыстырғанда 74,1%-ға, оның ішінде eGov арқылы-63,4%-ға ұлғайды.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу бағыты бойынша



Сондай-ақ заңды тұлғалар желісі бойынша бэк-офистің қатысуынсыз, автоматты режимде заңды тұлға басшысын өзгерту бойынша хабарлама жасау сипатындағы қызмет көрсету жобасы іске асырылды. Жоба іске қосылған күннен бастап - 2021 жылғы 18 қазан мен 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығында 2 690 қызмет көрсетілген. Осылайша, заңды тұлғаның атқарушы органын өзгерту бойынша барынша талап етілетін қызмет заңды тұлғаның eGov арқылы өз бетінше қызмет алуы арқылы жеңілдетіліп, автоматтандырылды.



5. Ақпараттық технологиялар

Мемлекеттік корпорация желісін құру жөніндегі ақпараттық-коммуникациялық ауқымды жұмыстар жүргізілді:

- ✓✓ Басқа пошта серверлерімен және спамға қарсы парақтармен өзара әрекет етуді жақсарту және оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізілді.
- ✓✓ Орталық филиалда «Өтінім беру», «Бұлт» секілді сервистерді ұсыну мақсатында, желілік топологияны оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ жаңа VLAN-ға көшу жүргізілді.
- ✓✓ Мемлекеттік корпорацияның бірыңғай ақпараттық-коммуникациялық ортасында рұқсат етілмеген іс-әрекеттерді, әлсіз және осал жерлерді анықтау үшін ақпараттық қауіпсіздікті күшейту және ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын басқару мақсатында QRADAR жүйесі енгізілді.
- ✓✓ Бірыңғай аутентификация нүктесін құру мәселесі пысықталды (мысалы, ұйымға жаңа қызметкер келеді, ол үшін тиісті топқа кіретін есептік жазба жасалады; әрі қарай қызметкер оған кіруге рұқсат етілуі тиіс желінің барлық ресурстарына қолжетімділік алады).
- ✓✓ Мемлекеттік корпорацияның жергілікті желісіне жаңғырту жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен белгіленген АКТ және АҚ қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға сәйкес келетін жергілікті желі салынды.
- ✓✓ Дискілік кеңістіктер кеңейтілген.
- ✓✓ Мемлекеттік корпорация филиалдарында белсенді желілік жабдықты мониторингілеу үшін Zabbix 4.2.1 мониторинг жүйесі орнатылды.
- ✓✓ Active Directory-мен (белсенді каталогтар) өзара әрекет етулер пысықталды.
- ✓✓ Корпоративтік поштамен (<https://ps.gov4c.kz>) және деректер алмасу жүйесімен (<https://nc.gov4c.kz>) жұмыс істеу үшін филиалдар тізімі негізінде Мемлекеттік корпорация доменіне 10 000-нан астам есептік жазба қосылды.

Мемлекеттік корпорация желісін құру бойынша жұмыстар:

Мемлекеттік корпорацияның Деректерді өңдеу орталығында желілік және серверлік жабдықты орнатылған, сондай-ақ виртуалды платформа ретке келтірілген.

Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппаратында шекаралық қауіпсіздік құрылғысының бас тартуға орнықты кластері теңшелген.

Қауіпсіздік патчтарын қолдану мақсатында, корпоративтік пошта серверінің жаңа нұсқасына (8.10_GA_3801.network) көшу жүргізілді.

Cisco isr 5530 және Cisco c1111 жабдықтарын конфигурациялау бойынша жұмыстар жүргізілді. 364 бірлік жабдық конфигурацияланды.

Деректерді өңдеу орталығында орналасқан (бұдан әрі - ДӨО) сервистерге қол жеткізу үшін VPN туннельдері теңшелген.

Орталық ДӨО-да IPS модулі іске қосылды.

8.8.10_GA_3801.network

Мемлекеттік корпорация платформасында іске қосылған жобалар:

Жеке куәлік терминалы;

RTA: пікірлер мен шағымдар бойынша деректерді жинау жүйесі;

Құжаттарды жеткізу;

«ХҚҚО» мобильдік қосымшасы;

gov4c.kz сайты виртуалды платформаға көшірілді.





6. ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ

Мемлекеттік корпорацияда Мемлекеттік корпорацияның қызметіне ішкі және сыртқы жағымсыз факторлардың әсер ету дәрежесін шектеу арқылы қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған **тәуекелдерді басқару жүйесі** жұмыс істейді.

Қызметкерлердің тәуекел-мәдениетін дамытуға үлкен мән беріледі. **Тәуекел- мәдениеті** тәуекел-менеджменті жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, оны тәуекелдерді басқару саласында қабылданған шешімдердің мәні мен нысанын айқындайтын, ұйымда қолданыстағы құндылықтар жүйесі мен мінез-құлық тәсілдері ретінде сипаттауға болады. Осыған байланысты, қызметкерлердің жобалар мен міндеттерді іске асыруға неғұрлым саналы көзқарасын қамтамасыз ету, мәдениетті дамыту мақсатында, Мемлекеттік корпорацияның ұйымдық құрылымының барлық деңгейлері үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі элементтері бойынша оқыту жүргізіледі. Кәсіби сертификаттау арқылы тәуекел менеджерлерінің құзыреттілігі артады.

Тәуекел-менеджмент - Мемлекеттік корпорацияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізу үшін корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрауышы.

Есептік кезеңде тәуекелдерді басқару жүйесінде келесі негізгі оқиғалар орын алды:

Мемлекеттік корпорацияның Басқармасы жанынан Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылып, Ережесі мен құрам бекітілді;

Уақытша бос ақша қаражатын банктерге орналастыру кезінде КЭМЕЛ екінші деңгейдегі банктердің қаржылық жағдайын талдау әдістемесі негізінде қаржылық тәуекелдерге бағалау жүргізілді. Контрагент банктің қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу барысында КЭМЕЛ екінші деңгейдегі банктердің қаржылық жағдайына капиталдың жеткіліктілігіне, активтердің сапасына, басқару сапасына, пайдалылыққа, өтімділікке талдау жүргізілді, бұл ретте кредиттік тәуекел мен өтімділік тәуекелінің деңгейі қадағаланды.

2021 жылы өзектендірілген Тәуекелдерді басқару саясаты және Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидалары әзірленді;

Директорлар кеңесі негізгі тәуекелдерді іріктеу критерийлерін әзірлеп, бекітті;

Тәуекел-мәдениетті және есептердің сапасын арттыру мақсатында, Басқарма аппаратының құрылымдық бөлімшелерінде және филиал директорлары үшін тренингтер өткізілді;

Тәуекелдерді басқару процесін автоматтандыру бойынша пилоттық жобаға қатысты;

Филиалдарда тәуекел-үйлестірушілердің 18 штаттық бірлігі ашылды;

7. Тұрақты даму

Мемлекеттік корпорацияның Даму стратегиясында тұрақты даму стратегиялық міндеттердің бірі ретінде айқындалған.



Экономикалық тұрақтылық

Мемлекеттік корпорацияның қызметін ұзақ мерзімді құнның өсуіне, Жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз етуге, азаматтар мен бизнеске мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсетуге, процестердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

Мемлекеттік корпорацияда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға көп көңіл бөлінді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын түсіндіру, оның ішінде құқық қорғау органдарымен, «Аманат» партиясымен, «Адалдық алаңы» қоғамдық бірлестігімен өзара әрекет ету бойынша іс-шаралар (семинарлар, дәрістер, әңгімелесулер және т. б.) тұрақты негізде өткізіледі.

Экологиялық құрамдас

Экологиялық құрамдас бөлік табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологияларды қолдануды қамтамасыз етеді.

2021 жылы Шымкент қаласы бойынша мамандандырылған ХҚКО үшін іргелес аумақты абаттандыру және көгалдандыру бойынша 800 мың теңгеден астам сомаға және Қызылорда қаласының №1 бөлімінің аумағына 400 мың теңгеден астам сомаға жұмыстар жүргізілді.

Әлеуметтік құраушы

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және қызметкерлердің денсаулығын сақтауды, жұмыскерлердің құқықтарын әділ сыйақымен және құрметтеуді, персоналды жеке дамытуды, персонал үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруды, жаңа жұмыс орындарын құруды қамтиды.

Проводятся обязательные инструктажи с работниками Государственной корпорации в соответствии с Инструкцией и Планами мероприятий по безопасности и охране труда, пожарной безопасности (ПБ). Рабочие места работников оснащены средствами коллективной и индивидуальной защиты (медицинские аптечки, маски, перчатки, антисептики и др.).

7. Тұрақты даму



Тұрақты даму саласындағы табысты және тиімді қызметті жүргізу үшін Мемлекеттік корпорацияда мүдделі тараптармен өзара әрекет етуге тиісті көңіл бөлінеді.

Мүдделі тараптардың тізбесі, олардың Мемлекеттік корпорацияға ықпал ету және мүдделі тұлғалармен қатынастарды басқару дәрежесі Мемлекеттік корпорацияның Стейкхолдерлер картасында айқындалған.

Жүргізілген талдауға сәйкес, 2021 жылы Мемлекеттік корпорацияның стейкхолдерлер тізбесі бойынша өзгерістер болған жоқ.

Мүдделі тараптар тобы	Өзара әрекет етуге жауапты бөлімше, орган	Өзара әрекеттесу механизмі	2021 жылы өзара іс-қимыл
Жалғыз акционер	Корпоративтік хатшы; стратегиялық жоспарлауға жауапты бөлімше; Басқарма қызметін ұйымдастыруға жауапты бөлімше; Даму жоспарын іске асыруға жауапты бөлімше	Жалғыз акционердің корпоративтік басқару мәселелері бойынша сұрау салулары мен тапсырмаларын орындау; КРІ - Жалғыз акционердің күтулерін іске асыру; Мемлекеттік корпорацияның даму жоспарын және жылдық қаржылық есептілікті қалыптастыру; Ішкі және сырттай нысанда іс-шаралар өткізу; Ақпаратты ашу	2021 жылдың I жартыжылдығы және 2021 жыл үшін КРІ - Жалғыз акционердің күтулерінің іске асырылуы туралы ақпарат беру; 2020 жылға жылдық қаржылық есептілікті бекіту; 2020 жылға Жылдық есеп, Корпоративтік басқару қағидаттарын іске асыру жөніндегі есеп түрінде ақпаратты ашу
Директорлар кеңесі	Корпоративтік хатшы; ішкі аудит бөлімшесі; комплаенс-бақылау бөлімшесі	Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің жұмысын жоспарлау, күн тәртібіндегі мәселелерді қарау бойынша отырыстарды ұйымдастыру; Күндізгі және сырттай нысанда іс-шаралар өткізу; Ақпаратты ашу	Директорлар кеңесінің 10 отырысын және Комитеттердің 35 отырысын, оның ішінде ішкі аудит, стратегиялық жоспарлау, Даму жоспарын іске асыру, ұйымдық құрылымды қалыптастыру мәселелері бойынша ұйымдастыру
Менеджмент (лауазымды тұлғалар)	Басқарма қызметін ұйымдастыруға жауапты бөлімше; Басқарма аппаратының бөлімшелері; филиалдар	Операциялық қызметті басқару; Жоспарларды, жол карталарын іске асыру; Күндізгі және сырттай нысанда іс-шаралар өткізу	Басқарманың 55 отырысы, оның ішінде 29 күндізгі және 26 сырттай нысанда, онда 172 мәселе (ұйымдастыру құрылымы, сыйақы, есептік ақпарат және т.б. мәселелер) қаралды; 18 аппараттық кеңестердің хаттамалары
Филиалдар	Басқарма аппаратының бөлімшелері	Қызметті үйлестіру және бақылау; Кері байланыс; Жобалар мен жол карталарын іске асыру; Есеп беру	Филиалдармен 5 алқа және 6 БКБ-кеңестер ұйымдастырылды; бір жыл ішінде Басқарма мүшелерінің операциялық қызмет мәселелері бойынша филиалдарға іссапарлары жүзеге асырылды. Филиалдармен күнделікті операциялық өзара іс-қимылды қызмет бағыттары бойынша үйлестіру мен бақылауға жауапты Басқару аппаратының бөлімшелері қамтамасыз етеді
Жергілікті қауымдастықтар	Басқарма қызметін ұйымдастыруға жауапты бөлімше; БАҚ-пен жұмысқа жауапты бөлімше; филиалдардың бөлімшелері	Консультативтік-кеңесші кеңестің қызметі; Халықтың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі бойынша әлеуметтік сауалнама шеңберінде қоғамдық пікірді зерттеу; Ақпаратты ашу	Консультативтік-кеңесші кеңестің 1 отырысы; мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейін зерттеу бойынша 6689 респондент; Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің eGov-та қолжетімділігі бойынша азаматтар қатарынан фокус-топ жұмысы; БАҚ бөліміндегі ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша деректер
Жұмыскерлер	Персоналды дамытуға және персоналды басқаруға жауапты бөлімшелер	Ішкі коммуникациялар жүйесі; Жоғары менеджменттің жұмыскерлер алдында сөз сөйлеуі; Қанағаттанушылықты зерттеу (сауалнамалар); Бағалауды, оқытуды және біліктілікті арттыруды ұйымдастыру	Таланттар пулына іріктеу конкурсы (ішкі резерв), оның қорытындысы бойынша 353 резервші өтті. 17 филиалдың 6 229 жұмыскері 360 Бағалау әдістемесі (филиалдар басшыларының құзыреттері бойынша бағалауы) бойынша сауалнамаға қатысты. Жұмыскерлердің қанағаттану деңгейін зерттеу бойынша сауалнамаға 1225 жұмыскер қатысты. 3564 жұмыскер кәсіби құзыреттіліктерін арттырды.



Мүдделі тараптар тобы	Өзара әрекет етуге жауапты бөлімше, орган	Өзара әрекеттесу механизмі	2021 жылы өзара іс-қимыл
Көрсетілетін қызметті алушылар	Халыққа қызмет көрсету бөлімшелері (фронт-офистер); өтінімдерді өңдеу жөніндегі бөлімшелер (бэк-офистер); филиалдардың әкімшілік-басқару аппараты	Мемлекеттік қызметтерді көрсету; Кері байланыс, өтініштермен жұмыс; Ақпараттық түсіндіру жұмыстары; Қанағаттанушылықты зерттеу (сауалнамалар)	17,5 млн. астам мемлекеттік қызмет көрсетілді; 2 фокус-топ өткізілді; Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейіне әлеуметтік сауалнама жүргізілді; 5 177 өтініш қаралды.
Серіктестер	Басқарма аппаратының бейінді бөлімшелері	Шарттық қатынастар, келісімдер, іскерлік кездесулер, тәжірибе алмасу	2021 жылы Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузия елдерінің әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы ұйымдардың өкілдерімен презентациялар және кездесулер өткізілді, семинарға кәсіпкерлер бірлестіктерінің және үкіметтік емес ұйымдардың, Қырғызстан Республикасының мемлекеттік органдарының өкілдерімен қатысты.
Кәсіподақ	Бастауыш кәсіподақ ұйымдары	Ұжымдық келіссөздер; Ұжымдық шарт шеңберіндегі міндеттемелер	9245 жұмыскер Ұжымдық шартпен қамтылды
Парламент, Үкімет, уәкілетті мемлекеттік органдар	Басқарма (менеджмент); Басқарма қызметін ұйымдастыруға жауапты бөлімше; Басқарма аппаратының бөлімшелері	Уәкілетті органға және Мемлекеттік корпорацияға жүктелген ұлттық жобаларды іске асыруға қатысу; Жоспарлар мен жол карталарын іске асыру; Заң жобаларын әзірлеуге не қарауға келіп түскен заң жобалары бойынша ұсыныстар енгізуге қатысу; Мемлекеттік қызметтерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу; Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша ВАК отырыстарына қатысу	ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінде жер қатынастары саласындағы заң жобасын әзірлеуге және оны сүйемелдеуге қатысты. Мемлекеттік корпорация АХАТ функцияларын Мемлекеттік корпорацияға беру туралы түзету бөлігінде заң жобасын әзірлеуге қатыстырылды. ВАК-тың 8 отырысына қатысты. Мемлекеттік корпорация мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру мәселелері бойынша 26 орталық мемлекеттік органмен және Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетімен өзара әрекет етеді. НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар үнемі енгізіледі, келіп түскен заң жобалары қаралады. Мемлекеттік корпорация қызметінің бағыттары бойынша орталық мемлекеттік органдармен бірлескен жобаларды іске асыруға қатысты (ЦДИАӨМ, АШМ, ЕХӘҚМ, ӘМ).
Қаржы институттары	Қазынашылық бөлімшесі	Банктік қызмет көрсету және уақытша бос ақша қаражатын орналастыру жөніндегі шарттық қатынастар. Бағалы қағаздар - ҚР Ұлттық банкінің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу бойынша аукционға қатысу	«Сбербанк» АҚ ЕБ, «Алтын банк» АҚ, «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ, «Альфа-Банк» АҚ ЕБ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Мүдделі тараптар тобы	Өзара әрекет етуге жауапты бөлімше, орган	Өзара әрекеттесу механизмі	2021 жылы өзара іс-қимыл
Өнім берушілер (контрагенттер)	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға жауапты бөлімше; Мемлекеттік сатып алуды өткізуге бастамашы болған бөлімшелер	Мемлекеттік сатып алу, шарттарды жасасу және орындау рәсімдерін сақтау	Өнім берушілермен өзара әрекет ету мемлекеттік сатып алу рәсімдері шеңберінде жүзеге асырылады. Көп бөлігінде мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша міндеттемелер тиісінше орындалады. 1 642 өнім берушіге қатысты сотқа талап- арыз берілді, оның 1131-і толық қанағаттандырылды. 2215 өнім беруші Мемлекеттік корпорацияға қатысты талап-арыздарын мәлімдеді, олардың 237-сі сотпен қанағаттандырылды
Аутсорсингтік компаниялар	Филиалдардың бөлімшелері	Шарттық қатынастарды сақтау	«Mukhat» ЖШС курьерлік қызметімен ынтымақтаса отырып, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Ақтау, Талдықорған, Петропавл қалаларында клиенттің үйіне дайын құжаттарды (мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін) жеткізу бойынша жоба іске қосылды
Бұқаралық ақпарат құралдары	БАҚ-пен жұмысқа жауапты бөлімше	Ақпаратты ашу; іс-шараларды күндізгі және сырттай нысанда өткізу; Әлеуметтік желілерде, Басқарма төрағасының блогында сұранымдармен жұмыс; Ресми интернет-сайттар мен басқа да коммуникация құралдарын дамыту; Жоғары менеджменттің БАҚ өкілдерімен кездесулері; Блогер қоғамдастығының өкілдерімен ынтымақтастық; Мемлекеттік корпорацияның қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы	Ақпараттық-имидждік бағыттағы 25 270 материал БАҚ-та жарияланды, оның ішінде: 5422 телесюжет және бағдарлама; 2942 материал баспа басылымдарында жарияланды; 16 503 жаңалықтар сайттар мен порталдарда; 403 жаңалықтар радиостанцияларда; Facebook, Instagram Instagram және Twitter-де 345 ақпараттық-танымдық материал; 142 498 - Facebook, Instagram және Twitter-де жазылушылардың жалпы саны; 5 529 әлеуметтік желілердегі азаматтардың сұрақтарына жауаптар; Басқарма төрағасының блогында қаралған 368 өтініш; 6 464 блогерлердің, қоғам, шоу-бизнес, спорт өкілдерінің және Мемлекеттік корпорацияның қызметі туралы пабликтердегі жарияланым посттары.



8. АҚПАРАТТЫҚ-ИМИДЖДІК ЖҰМЫС

Мемлекеттік корпорация оң имиджді қалыптастыруға, оң қоғамдық пікірді нығайтуға, жұртшылықпен байланыс орнатуға және өз қызметін жан-жақты ақпараттық қамтамасыз етуге көп көңіл бөледі.

БАҚ

Әлеуметтік
желілер

Ресми
Интернет-ресурс

БАҚ

2021 жылы республикалық және облыстық БАҚ-тар жарық көрді

25 270

материал

5 422

телесюжет пен бағдарлама

2 942

баспа басылым

16 503

сайттар мен порталдардағы жаңалықтар

403

радиостанциялардағы жаңалықтар

Имидждік бағыттағы материалдар «Хабар», «Хабар24», «Қазақстан», «31 канал», «Первый канал Евразия», «Atameken Business Channel» және т.б. телеарналардың эфирінде, сондай-ақ Nur.KZ, Tengrinews, Informburo, Zakon.kz, Kapital.kz, Baq.kz, Kolesa.kz, «Егемен Қазақстан» ақпараттық порталдарда және т.б. тұрақты түрде шығып тұрды.

Әлеуметтік желілер

Мемлекеттік корпорацияның Facebook, Instagram, Twitter, Telegram және YouTube ресми парақтарында

345

ақпараттық-танымдық материал

5 529

өтініш және сұрақтар

142 498

жазылушылардың жалпы саны

Әлеуметтік желілерде әр тоқсан сайын тұрақты негізде жазылушылар үшін конкурстар өткізіледі, олардың шеңберінде қатысушылар мемлекеттік қызметтерді онлайн алу тәжірибесімен бөліседі және өз аудиторияларын да солай етуге шақырады.

Ресми интернет-ресурс

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz ресми интернет-ресурсында «Ашық диалог» платформасына сілтеме орналастырылған. Мемлекеттік корпорация интернет-ресурсының негізгі мақсаты - азаматтарға қажетті ақпараттың қолжетімділік деңгейін арттыру. «Жаңалықтар» бөлімінің ақпараттық контенті күн сайын қазақ және орыс тілдерінде жаңартылып отырды. Есептік жылы 65 материал орналастырылды (2020 жылы - 80).

9. Персонал

Жұмыс тиімділігіне Мемлекеттік корпорацияның өндірістік нәтижелері мен одан әрі дамуы байланысты болатын білікті персонал Мемлекеттік корпорация үшін түйінді активтердің бірі болып табылады.

20 068,7

кадрларының жалпы саны

18 466,5

штат саны

827

басшылық лауазымдардағы әйелдер саны

Персоналды дамыту Мемлекеттік корпорацияның Даму стратегиясы міндеттерінің бірі болып табылады. Қызмет бағыттары бойынша жұмыскерлердің кәсіби (Hard skills) және жеке-іскерлік (Soft skills) құзыреттерін дамыту жөніндегі іс-шаралар, SANA мектебінің басшыларын, жұмыскерлерін және ішкі жаттықтырушыларын (тәлімгерлерін) оқыту Жұмыскерлердің құзыреттерін дамытудың күнтізбелік жоспарына және филиалдарда өтетін семинар-кеңестердің жоспар-кестесіне сәйкес тұрақты негізде жүргізіледі.

2021 жылы жұмыскерлерді оқытуға 48 млн. теңгеден астам инвестиция салынды.

Есептік кезеңде оқу орталықтары 3 244 жұмыскерді қамти отырып, онлайн және офлайн форматта 34 тренинг пен семинар ұйымдастырды (2020 жылы - 3 257 жұмыскер қамтылған 51 тренинг). SANA ішкі жаттықтырушылар мектебі (825 ішкі жаттықтырушы) фронт- және бэк-офистерде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, Мемлекеттік корпорацияның ішкі регламенттеуші құжаттарын зерделеу бойынша сабақтар өткізеді.

Президенттік жастар кадр резервінің тәжірибесін ескере отырып, меритократия қағидаттарын енгізу мақсатында, 2021 жылғы наурызда Мемлекеттік корпорацияның Таланттар пулына конкурстық іріктеу өткізілді. Конкурс қорытындысы бойынша Таланттар пулына 353 резервші қабылданды. Оның ішінде 2021 жылы 117 резервші (33,1%) жоғары лауазымдарға тағайындалды. Таланттар пулының резервшілерімен жұмыс істеу бойынша жоспар-кестеге сәйкес 318 резервші өз құзыреттерін арттыра отырып, оқудан өтті.

9. Персонал

Мемлекеттік корпорацияда персоналдың тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау жүйесі құрылған. Жалғыз акционердің күтулеріне (KPI), Мемлекеттік корпорацияның Даму стратегиясына сәйкес Директорлар кеңесі 2021 жылға арналған Басқарма төрағасы мен мүшелерінің ҚНК карталарын бекіткен. Басқарма мүшелерінің ҚНК негізінде басшы қызметкерлердің корпоративтік және функционалдық ҚНК есептелген. Мақсаттар тізілімі, Мақсаттар картасы және жұмыскерлердің жеке даму жоспарлары бекітілген. Жұмыскерлердің ҚНК қол жеткізу бойынша қызметін бағалау тоқсан сайын жүргізілді.

Мемлекеттік корпорацияның кадр саясатының түйінді бағыты материалдық және материалдық емес құрамдас бөлікті көздейтін персоналды ынталандыру жүйесі болып табылады.

2021 жылы қызмет тиімділігін бағалау қорытындысы бойынша Мемлекеттік корпорация жұмыскерлеріне сыйақы мөлшері 0,25-тен 1 лауазымдық жалақыға дейін болды. Халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мейрамына, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мен Тәуелсіздік күніне орай мерекелік күндерге штаттық және штаттан тыс жұмыскерлерге сыйлықақы беру жүргізілді. Мемлекет басшысы мен ҚР Үкіметінің Әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға жұмылдырылған филиалдардың жұмыскерлеріне лауазымдық жалақыдан 40%-ға дейін қосымша ақы төленді.

Материалдық емес ынталандыру шеңберінде жұмыста қол жеткізген жетістіктері үшін жұмыскерлерді ЦДИАӨ Министрі мен Басқарма төрағасының алғыс хаттарымен және құрмет грамоталарымен марапаттау жүргізіледі. 2021 жылы атаулы күндерге 770 құттықтау адресаты (баланың тууы, неке қию, ЖОО-ны бітіру, мерейтой, зейнеткерлік жасқа жету), жұмыс өтілі бойынша 1 858 адресат берілді (5, 10, 15, 20, 25 жас) және мемлекеттік мерекелерге 2 349 алғыс хаттар (2020 жылы - 650 құттықтау хат және 1 464 алғыс хат). Мемлекеттік корпорацияның 144 жұмыскері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы құрметіне мерекелік медальмен марапатталды.

Мемлекеттік корпорацияның 720 жұмыскері қамтылған «Үздік қызметкер» 4 корпоративтік журналы шығарылды (2020 жылы – 634 жұмыскер қамтылған 12 журнал).

Жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау мақсатында, 16 бастауыш кәсіподақ ұйымдарынан тұратын және кәсіподақтың 9 245 мүшесін біріктірген Жергілікті кәсіподақ жұмыс істейді (2020 жылы - 9 247).



10. Даму перспективалары

Жаңа даму стратегиясына сәйкес Мемлекеттік корпорацияның алдағы 5 жылға арналған басты стратегиялық мақсаты мемлекеттік органдарға мемлекеттік қызметтерді цифрландыруға және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруға ықпал ету болып табылады.

В обеспечение достижения стратегических целей, задач и КПД 29 декабря 2021 года в Государственной корпорации был утвержден План мероприятий по реализации Стратегии развития на 2022 год, который состоит из 50-ти пунктов.

2022 жылға келесі ҚҢК жоспарланған:

- | | | | |
|--|---|--|---|
| 01 халықтың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттану деңгейін арттыру - кемінде 87%; | 02 ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу деңгейін арттыру (Мемлекеттік корпорация жағында) – 99,6%-ға дейін; | 03 адамның қатысуынсыз Мемлекеттік корпорацияның бэк-офистері көрсететін транзакциялар үлесіне қол жеткізу - 5%-ға дейін; | 04 фронт-офистер желісін дамыту (Франшиза) - 5 нүкте; |
| 05 бейне-байланыс арқылы «ХҚКО» мобильдік қосымшасы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер үлесіне қол жеткізу - 5%-ға дейін; | 06 Мемлекеттік корпорацияның мәртебесі туралы заң жобасын әзірлеу; | 07 Мемлекеттік органдарға келіп түсетін өтініштер санын азайту («е-Өтініш» АЖ) - 5%-ға; | 08 фронт-офистерді жаңғыртуды жүзеге асыру - саны 14 бірлік; |
| 09 ішкі процестерді автоматтандыру деңгейіне жету - 30%-ға дейін; | 10 персоналдың тартылу деңгейін оң аймақта ұстап тұру - кемінде 60%; | 11 грейдилеу жүйесін енгізу – 100% | |



IV. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- 11. Корпоративтік басқару жүйесі
- 12. Жалғыз акционер. Директорлар кеңесі. Омбудсмен. Ішкі аудит және комплаенс бақылау
- 13. Басқарма

11. МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ


Мемлекеттік корпорацияда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ отандық және халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, **корпоративтік басқару жүйесі** құрылған. Мемлекеттік корпорация ұйымның ағымдағы қызметін қолдап қана қоймай, даму шамасына қарай халықтың өзгеріп отыратын қажеттіліктерін ескеріп, сондай-ақ акционер мен барлық мүдделі тараптардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуі үшін басқару тәсілдері мен қағидаттарын үнемі жетілдіріп отырады.



Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару жүйесі Мемлекеттік корпорацияның қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестер жиынтығын, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер мен мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді.

Мемлекеттік корпорацияның қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесі Мемлекеттік корпорацияның басқару органдары, лауазымды адамдары мен жұмыскерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды, мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның заңнамасы мен ішкі құжаттарына сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Органдардың құзыреттері мен шешімдер қабылдау тәртібі Мемлекеттік корпорацияның Жарғысында айқындалып, бекітілген.



Мемлекеттік корпорация қызметінің тиімділігі ашықтықты, бақылауды және өкілеттіктердің аражігін ажыратуды қамтамасыз ететін және уақытылы ден қою арқылы әртүрлі тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік беретін деңгейлердің әрқайсысында дұрыс құрылған корпоративтік басқару процестері есебінен жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылайды, ал Корпоративтік хатшы оның үздіксіз жетілдірілуін үйлестіреді.

Жалғыз акционер 2020 жылғы 25 желтоқсанда бекіткен (№ 476/НҚ бұйрық) Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) корпоративтік басқару тәжірибесін құру және жақсарту негізделетін негізгі құжат болып табылады. Кодекс Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттарды бекітеді.

2020 жылмен салыстырғанда Кодекстің қағидаттары мен негізгі ережелерінің сақталуы/сақтамалуы:

1. Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты



Кодекстің 5.1-бөлімі ережелерінің жалпы саны - 21

■ сақталады ■ ішінара сақталады

2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты



Кодекстің 5.2-бөлімі ережелерінің жалпы саны – 5

■ сақталады ■ ішінара сақталады

3. Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты



Кодекстің 5.3-бөлімі ережелерінің жалпы саны - 144

■ сақталады ■ ішінара сақталады
■ сақталмаған ■ қолданылмайды

Кодекс ережелерінің мазмұны

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, үш жылдық екі мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуы тиіс.

Бір адам Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам уақыт сайлана алмайды (мысалы, үш жылдық үш мерзім), Сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап ететін мәселелер болған жоқ.

Кем дегенде үш жылда бір рет бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесіне өзіндік бағалауды дербес немесе тәуелсіз консультантты тарта отырып жүргізе алады. Жалғыз акционер жүргізген бағалау кезінде Директорлар кеңесі дербес жүргізген бағалау нәтижелері, Мемлекеттік корпорация қызметінің нәтижелері, ҚТК-ны орындау ескеріледі.

Түсіндірмелер

Қолданылмайды. Мемлекеттік корпорация 2016 жылдан бері жұмыс істейді. Директорлар кеңесінің мүшесі алты жылдан астам мерзімде болған жағдайлар жоқ.


Қолданылмайды. Мемлекеттік корпорация 2016 жылдан бері жұмыс істейді. 2021 жылы Директорлар кеңесінің мүшесі тоғыз жылдан астам мерзімде болған жағдайлар жоқ.

Сақталмайды. Компания 2016 жылдан бері жұмыс істейді, құрылған сәттен бастап тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып бағалау жүргізілген жоқ. Алайда, ІАҚ өз күшімен корпоративтік басқаруды диагностикалаудың бекітілген Әдістемесіне сәйкес корпоративтік басқаруды диагностикалауды жүргізді. Корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізу 2023 жылы жоспарланып отыр. Дайындық жұмыстары 2022 жылдың күзінде басталады.

Сақталмайды. Қызметті бағалау қажеттіліктің болмауына байланысты өз бағалауын жүргізу бастамасын көтермеген Жалғыз акционердің қатысуынсыз өз күшімен жүзеге асырылды.


2020 жылмен салыстырғанда Кодекстің қағидаттары мен негізгі ережелерінің сақталуы/сақтамалуы.

4. Тұрақты даму қағидаты




- сақталады
- ішінара сақталады
- сақталмаған
- қолданылмайды

5. Тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит



- сақталады
- ішінара сақталады

6. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты



- сақталады
- ішінара сақталады

Кодекс ережелерінің мазмұны

Директорлар кеңесі мен Басқарма тұрақты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорация әріптестермен жасалатын тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын енгізуді және олардың сақталуын талқылағаны жөн. Әріптестермен тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын енгізу бойынша кешенді шаралар қабылдау ұсынылады. Егер Мемлекеттік корпорация серіктестердің экономикаға, экологияға және қоғамға жағымсыз әсер етуіне байланысты тәуекелді анықтаса, онда Мемлекеттік корпорация мұндай әсерді тоқтатуға немесе оның алдын алуға бағытталған шараларды қабылдайды.

Түсіндірмелер

Сақталмайды. Басқарма 2021 жыл ішінде тұрақты даму саласындағы процестер мен жүйелерді ресімдеген жоқ.

Қолданылмайды. Мемлекеттік корпорация өндірістік компания болып табылмайды және оның серіктестерінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салаларына теріс әсер ете алмайды.


Кодекс ережелерінің мазмұны

Жалғыз акционер Мемлекеттік корпорацияның операциялық қызметіне мемлекеттік органдардың араласуын болдырмау, сондай-ақ қабылданған шешімдер үшін Директорлар кеңесінің жауапкершілігін арттыру мақсатында, мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлаудан аулақ болғаны жөн.

Түсіндірмелер

Сақталмайды. Директорлар кеңесінің құрамы өз қызметін саны 9 адаммен жүзеге асырады, олардың 4-еуі мемлекеттік органдардың, оның ішінде Жалғыз акционердің өкілдері болып табылады, себебі Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру және бекіту Жалғыз акционердің айрықша құзыреті болып табылады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



Мемлекеттік корпорацияның меншік құрылымы

35 467 772 дана
Жарияланған (шығарылған) жай акциялар саны

1 000 теңге
Акцияның номиналды құны

34 623 109 дана
Орналастырылған және төленген жай акциялар саны

39 352 856 мың теңге
жеке капиталы

34 623 109 мың теңге
жарғылық капиталы

12. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционері ҚР Үкіметі атынан ММЖК болып табылады. Мемлекеттік корпорация акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын орган - ЦДИАӨМ.

Мемлекеттік корпорация Жарғысының 7-тармағына сәйкес, ЦДИАӨМ шешімі ММЖК-мен келісу бойынша қабылданатын мәселелерді қоспағанда, Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді дербес қарайды және қабылдайды.

Жалғыз акционермен өзара әрекет ету оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және құрметтеуді қамтамасыз етуден тұрады және адалдыққа, есептілікке, жауапкершілік пен ашықтыққа негізделген.

Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыру Заңға және Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Акционердің құқықтарына ҚР заңнамасында, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысында және ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақытылы алу қамтылады, бірақ олармен шектелмейді.

Жалғыз акционердің өз құзыреті шеңберінде қабылдаған шешімдері Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады. Есептік кезеңде Мемлекеттік корпорация Жалғыз акционердің қарауына 11 мәселе шығарған, олар бойынша ақпарат «корпоративтік басқарумен байланысты елеулі корпоративтік оқиғалар» бөлімінде ұсынылған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Заңмен және Мемлекеттік корпорацияның Жарғысымен Жалғыз акционер мен Басқарманың ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі өз функцияларын ҚР заңнамасына, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Мемлекеттік корпорацияның өзге ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. Заңның 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Жарғының 41-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің шешімімен сайланады.

2021 жылғы 1 қаңтарға Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі келесі 10 мүшеден тұрды:

Директорлар кеңесінің төрағасы

Мусин Бағдат Батырбекұлы
ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Директорлар кеңесінің мүшелері

Оспанов Ербол Дүйсебайұлы
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Манатаев Руслан Ерғалиұлы
ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Әмірғалиев Әзамат Халімеденұлы
ҚР Әділет вице-министрі

Тәшенов Бақытбек Хақимұлы
ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы

Балташева Әсемгүл Серікқызы
Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрайымы

Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорлар

Мұхамеджанов Бектас Гафуұлы
Тәуелсіз директор

Ишмухамедов Мұрат Мерғалиұлы
Тәуелсіз директор

Ивар Талло
Тәуелсіз директор

Есембаев Нұрлан Серікұлы
Тәуелсіз директор

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



МУСИН БАҒДАТ БАТЫРБЕКҰЛЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАФАСЫ, ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ӨКІЛІ, ҚР ЦИФРЛЫҚ ДАМУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АЭРОҒАРЫШ ӨНЕРКӘСІБІ МИНИСТРІ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАНҒАН КҮНІ:

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 03 ТАМЫЗДАҒЫ (№ 285/НҚ БҰЙРЫҚ) ЖӘНЕ 2020 ЖЫЛҒЫ 05 ҚАЗАНДАҒЫ (№ 371/НҚ БҰЙРЫҚ) ШЕШІМДЕРІМЕН.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАФАСЫ БОЛЫП САЙЛАНҒАН КҮНІ:

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 21 ҚАЗАНДАҒЫ ШЕШІМІМЕН (№ 01-01-02/04 ХАТТАМА).

АЗАМАТТЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТУҒАН КҮНІ: 1983 ЖЫЛҒЫ 3 НАУРЫЗ

БІЛІМІ:

2004 ЖЫЛЫ СҮЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТТІ «ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖӘНЕ АППАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША, 2006 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҚТАНУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ИНСТИТУТЫН «ҚҰҚЫҚТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН.

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

НЕТ



ОСПАНОВ ЕРБОЛ ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ

МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ӨКІЛІ, ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ВИЦЕ-МИНИСТРІ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАНҒАН КҮНІ:

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 27 ТАМЫЗДАҒЫ ШЕШІМІМЕН (№ 309/НҚ БҰЙРЫҚ).

АЗАМАТТЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТУҒАН ЖЫЛЫ: 1977 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАҢТАР

БІЛІМІ:

1998 ЖЫЛЫ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН «ҚОЛДАНБАЛЫ МАТЕМАТИКА» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША, 2002 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН «ҚАРЖЫ ЖӘНЕ КРЕДИТ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН.

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ



ӘМІРҒАЛИЕВ АЗАМАТ ХАЛИМЕДЕНҰЛЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ӨКІЛІ, ҚР ӘДІЛЕТ ВИЦЕ-МИНИСТРІ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАНҒАН КҮНІ:

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 30 СӘУІРДЕГІ ШЕШІМІМЕН (№ 63/НҚ БҰЙРЫҚ).

АЗАМАТТЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТУҒАН ЖЫЛЫ: 1976 ЖЫЛҒЫ 24 ҚАЗАН

БІЛІМІ:

1998 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ ҚҰҚЫҚТАНУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ИНСТИТУТЫН ҮЗДІК (1998) «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗАҢҒЕР» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША, KEЙІННЕН БРИТАНДЫҚ БИЗНЕС МЕКТЕБІН БІТІРГЕН, ІСКЕРЛІК ӘКІМШІЛЕНДІРУ МАГИСТРІ.

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

НЕТ



ТӘШЕНЕВ БАҚЫТБЕК ХАКІМҰЛЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛЕТТІ ОРГАННЫҢ ӨКІЛІ, ҚР ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАФАСЫ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАНҒАН КҮНІ:

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 25 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ШЕШІМІМЕН (№ 540 БҰЙРЫҚ).

АЗАМАТТЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ.
ТУҒАН ЖЫЛЫ: 1977 ЖЫЛҒЫ 19 ҚАЗАН

БІЛІМІ:

1999 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС АКАДЕМИЯСЫН «ИНЖЕНЕР-ЭКОНОМИСТ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША, 2002 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ЗАҢ УНИВЕРСИТЕТІН «ЗАҢҒЕР» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН.

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



МҰХАМЕДЖАНОВ БЕКТАС ФАФУРҰЛЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҰШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР.
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАНҒАН КҮНІ:

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 27 СӘУІРДЕГІ (№ 400 БҰЙРЫҚ) ЖӘНЕ 2019 ЖЫЛҒЫ 24 СӘУІРДЕГІ (№ 63/НҚ) ШЕШІМІМЕН.
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ІШКІ АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ (ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 3 МАМЫРДАҒЫ ШЕШІМІ (№ 01-01-02/02 ХАТТАМА).


АЗАМАТТЫҒЫ:	ТУҒАН ЖЫЛЫ:
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	1957 ЖЫЛҒЫ 7 ҚАРАША

БІЛІМІ:
1979 жылы С.М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІН «БИОЛОГ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН, «ЖУСАН ПЕРОКСИДАЗАСЫНЫҢ ЕРИТІН ЖӘНЕ ИММОБИЛИЗАЦИЯЛАНҒАН ФИЗИКАЛЫҚ-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ» ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ (1985).

ҒЫЛЫМИ, ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕРІ, ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ:
ӨТПЕЛІ ЭКОНОМИКАСЫ БАР ЕЛДЕРДЕ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ: ТАБЫСТАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР» (1999 Ж.), «БИЗНЕС-КЕҢЕСТЕР ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ШОҚ ДАМУТUDЫҢ АФФЕКТИВТІ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ» (2001 Ж.), «1998-2000 Ж.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАР СЕКТОРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ» (2001 Ж.), «ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ» (2002 Ж., БІРЛЕСКЕН АВТОРЛЫҚТА) КІТАПТАРЫНЫҢ АВТОРЫ, 35-ТЕН АСТАМ ЖАРИЯЛАНЫМЫ, 6 АВТОРЛЫҚ КУӘЛІГІ МЕН ПАТЕНТІ БАР.

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ



БАЛИЕВА ЗАФИПА ЯХИЯҚЫЗЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҰШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР.
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАНҒАН КҮНІ:

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАНТАРДАҒЫ ШЕШІМІМЕН (№ 8/НҚ БҰЙРЫҚ). ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМПЛАЕНС ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ (ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 06 ҚАЗАНДАҒЫ ШЕШІМІМЕН (№ 01-01-02/08 ХАТТАМА) САЙЛАНҒАН.

АЗАМАТТЫҒЫ:	ТУҒАН ЖЫЛЫ:
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	1958 ЖЫЛҒЫ 3 ҚАЗАН

БІЛІМІ:
1981 жылы С.М. КИРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІН ЗАҢГЕР-ҚҰҚЫҚТАНУШЫ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АСПИРАНТУРАСЫ (1998Ж.), МӘСКЕУ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ДОКТОРАНТУРАСЫ (1999Ж.). ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІБІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ (ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА)» (1999).

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ



ИВАР ТАЛЛО

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҰШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР.
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАНҒАН КҮНІ:

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 29 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ (№ 352/НҚ БҰЙРЫҚ) ЖӘНЕ 2019 ЖЫЛҒЫ 24 СӘУІРДЕГІ (№ 63/НҚ БҰЙРЫҚ) ШЕШІМІМЕН. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ (ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 3 МАМЫРДАҒЫ ШЕШІМІ (№ 01-01-02/02 ХАТТАМА).

АЗАМАТТЫҒЫ:	ТУҒАН ЖЫЛЫ:
ЭСТОНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ	1964 ЖЫЛҒЫ 5 МАМЫР

БІЛІМІ:
1987 жылы ЛЕНИНГРАД МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІН «ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ, ШЕТ ТІЛДЕРІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША, 1990 жылы ЛЕНИНГРАД МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІН «МАТЕМАТИКАЛЫҚ ФОРМАЛЬДЫ ЛОГИКА ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША, 1996 жылы МАКГИЛЛ УНИВЕРСИТЕТІН САЯСАТТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ PHD БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН, ЛОГИКА МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША АСПИРАНТ, ФИЛОСОФИЯ МАГИСТРІ, PHD ДОКТОРЫ

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ



НАЙЗАБЕКОВА АҚМАРАЛ СЕРІКҚЫЗЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҰШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР.
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАНҒАН КҮНІ:

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 19 ТАМЫЗДАҒЫ ШЕШІМІ (286/НҚ БҰЙРЫҒЫ). ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ (ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 6 ҚАЗАНДАҒЫ ШЕШІМІ (№ 01-01-02/08 ХАТТАМА).

АЗАМАТТЫҒЫ:	ТУҒАН ЖЫЛЫ:
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	1985 ЖЫЛҒЫ 3 МАУСЫМ

БІЛІМІ:
АКАДЕМИК Е.А. БУКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ, ҚАРАҒАНДЫ Қ., ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ, 2002-2006 ЖЖ, ЮРИСПРУДЕНЦИЯ БАКАЛАВРЫ ДӘРЕЖЕСІ. 2014 жылы МӘСКЕУ БИЗНЕС МЕКТЕБІ (МВБ) БІТІРГЕН, «ЮНЕСКО» ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» МӘСКЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ, ІСКЕРЛІК ӘКІМШІЛІК ШЕБЕРІ (МВА) ДӘРЕЖЕСІ. 2014 жылы - УНИВЕРСИТЕТ КИНГСТОН, ЛОНДОН, MSC IN INTERNATIONAL HUMAN RESOURCE MANAGEMENT УНИВЕРСИТЕТІ, АДАМИ РЕСУРСТАРДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСҚАРУ ШЕБЕРІ. РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АКАДЕМИЯСЫ (РАНХИГС), ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОР ДӘРЕЖЕСІ

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ



ҚОЖЫҚОВ ӘДІЛ ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҰШЕСІ, МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАНҒАН КҮНІ:

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАҢТАРДАҒЫ ШЕШІМІМЕН (№ 8/ НҚ БҰЙРЫҚ). МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ.

АЗАМАТТЫҒЫ:	ТУҒАН ЖЫЛЫ:
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	2 НОЯБРЯ 1978 ГОДА

БІЛІМІ:
2000 жылы ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН «САЯСАТТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН.

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ

директорлар кеңесінің мүшелері туралы толық ақпарат мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz веб-сайтының «корпоративтік басқару» бөлімінде орналастырылған.



Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамы сәйкес теңгерілген:

- біліктілігі,
- тәжірибесі,
- білімі,
- іскерлік қасиеттері
- әртүрлілігі.

Директорлар кеңесі мүшелерінің


- мінсіз іскерлік беделі
- ақпараттық технологиялар, қаржы, жұмыс аудиті, корпорация басқару саласында,
- сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияны басқару үшін маңызды өзге де салаларда білімі мен дағдылары бар.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің

- топ-менеджерлер, әр түрлі компаниялардың басқару органдарының серіктестері мен мүшелері рөлінде ауқымды жұмыс тәжірибесі,
- мінсіз қоғамдық беделі бар.

Тәуелсіз директорлардың құрамы мен үлесінің әртүрлілігіне ерекше назар аударылады. Директорлар кеңесінің құрамына ерлер де, әйелдер де, сондай-ақ басқа мемлекеттің (Эстония) азаматы кіреді, бұл гендерлік және әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті қамтамасыз етеді.

2021 жылғы 31 желтоқсан бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің жасы мен гендерлік құрамы келесіні құрады:



- 50 және одан көп
- 30-50 жас
- Әйелдер
- Ерлер

Тәуелсіз директорларды іріктеу және тәуелсіздігін айқындау өлшемшарттары

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне, Заңның 54-бабы 5-тармағының талаптарына және Мемлекеттік корпорация Жарғысының 53-тармағына сәйкес, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорлар сайланады, олардың саны Директорлар кеңесі құрамының отыз пайызынан кем болмауы тиіс.

44% Мемлекеттік корпорациядағы Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің саны



Тәуелсіз директорларға үміткерлерді таңдау кезінде назарға Заңның 1-бабының 20-тармақшасында белгіленген өлшемшарттар алынды, оларға сәйкес тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің:

- сайланған сәтте Мемлекеттік корпорацияның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде де болмаған (оның Мемлекеттік корпорацияның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда);
- Мемлекеттік корпорацияның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын;
- Мемлекеттік корпорацияның немесе Мемлекеттік корпорацияның үлестес тұлғалары - ұйымдардың лауазымды адамдарына бағыныстылықпен байланысты емес және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныстылықпен байланысты болмаған;
- мемлекеттік қызметші болып табылмайтын;
- Мемлекеттік корпорацияның аудиторы болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде де болмаған;
- Мемлекеттік корпорацияның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған мүшесі ретінде айқындалады.

Директор тәуелсіз деп танылуы мүмкін, егер:

- соңғы бес жыл ішінде Мемлекеттік корпорацияның немесе оның еншілес және тәуелді ұйымының жұмыскері болмаған болса;
- Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысын қоспағанда, Қоғамнан қосымша сыйақы бұрын алмаған немесе қазір де алмайтын болса;
- басқа ұйымдарда немесе органдарда ұқсас лауазымды атқармайтын болса, басқа ұйымдарда немесе органдарда осындай қатысу арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен елеулі байланысы болмаса;
- акционерлердің немесе мемлекеттік басқару органдарының мүдделерін білдірмесе;
- қатарынан тоғыз жылдан астам Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшесі болмаған болса, тәуелсіз директор деп танылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшелері-тәуелсіз директорлар мен Мемлекеттік корпорация арасындағы өзара қарым-қатынастар Мемлекеттік корпорация атынан Директорлар кеңесінің төрағасы: 2019 жылғы 25 қарашадағы Б.Ғ. Мұхамеджановпен және И. Талломен, 2021 жылғы 15 қаңтардағы З.Я. Балиевамен және 2021 жылғы 19 тамыздағы А.С. Найзабековамен жасасқан шарттармен регламенттеледі, олар тәуелсіз директорларды сайлаған сәттен бастап туындайтын құқықтық қатынастарда қолданылады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру саясаты

Мемлекеттік корпорация
Директорлар кеңесінің
қызметіне байланысты
шығыстарды көтереді, оның
ішінде Директорлар кеңесінің
мүшелеріне олардың өз
функцияларын жүзеге
асыруына байланысты құжатпен
расталған барлық шығыстарды
өтейді.

Мемлекеттік
корпорацияның
Директорлар кеңесінің
мүшелеріне сыйақылар
төлеу мөлшері мен
шарттарын айқындау
мәселелері Жалғыз
акционердің айрықша
құзыретіне жатады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне
сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу
шарттары мен тәртібі Мемлекеттік
корпорацияның Жалғыз
акционерінің 2019 жылғы 04
қазандағы шешімімен (№ 262/нқ
бұйрық) бекітілген Директорлар
кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу
және шығыстарын өтеу
қағидаларымен (бұдан әрі –
Қағидалар) айқындалған.

Сыйақы төлеуді реттейтін
аталған Қағидалардың ережелері
Директорлар кеңесінің
мемлекеттік қызметшілер және
Мемлекеттік корпорацияның
жұмыскерлері болып табылатын
мүшелеріне қолданылмайды
(Қағидалардың 2-тармағының
2.2) тармақшасы).

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру саясаты

Осылайша, сыйақыны тек тәуелсіз директорлар алады. Корпоративтік басқарудың қолданылатын тәжіибесіне сәйкес сыйақының негізгі нысандары ретінде Мемлекеттік корпорация мыналарды пайдаланады:

Директорлар кеңесінің бір отырысына қатысқаны үшін негізгі сыйақы 830 000 (сегіз жүз отыз мың) теңге мөлшерінде белгіленеді. Бұл ретте, аталған сыйақы Тәуелсіз директорға оның Директорлар кеңесінің ішкі және сырттай отырыстарына қатысқаны үшін төленеді;

Комитеттің төрағасы ретінде Директорлар кеңесі Комитетінің бір отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы 58 000 (елу сегіз мың) теңге мөлшерінде белгіленеді.

Общая сумма основного вознаграждения независимым директорам за участие в заседаниях Совета директоров не должна превышать 5 000 000 (пяти миллионов) тенге и общая сумма дополнительного вознаграждения за участие в заседании Комитета Совета директоров в качестве председателя Комитета не должна превышать 350 000 (триста пятьдесят тысяч) тенге, предусмотренных в Плане развития Государственной корпорации на соответствующий год.

Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін тәуелсіз директорларға негізгі сыйақының жалпы сомасы 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспауы тиіс және Директорлар кеңесі Комитетінің отырысына Комитеттің төрағасы ретінде қатысқаны үшін қосымша сыйақының жалпы сомасы Мемлекеттік корпорацияның тиісті жылға арналған Даму жоспарында көзделген 350 000 (үш жүз елу мың) теңгеден аспауы тиіс.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу олар келесі шарттарды орындаған жағдайда жүзеге асырылады:

Директорлар кеңесі мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысында, Мемлекеттік корпорацияның өзге де ішкі құжаттарында және директормен жасалған шартта көзделген міндеттерін адал орындау;

шешімдер қабылдау кезінде ҚР заңнамасының, Мемлекеттік корпорация Жарғысының және өзге де ішкі құжаттарының, сондай-ақ Жалғыз акционерінің шешімдерінің сақталуы;

Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің отырыстарына қатысу, белгіленген тәртіппен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін толық және уақытылы білдіру.

26 243 006, 50 теңге

барлық салықтар мен төлемдерді ескере отырып, 2021 жылы Мемлекеттік корпорацияның тәуелсіз директорларына төленген негізгі және қосымша сыйақының жалпы сомасы.

191 147 теңге

Тәуелсіз директорларға төленген шығыстардың өтемақысы

26 434 153, 50 теңге

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мүшелерінің-тәуелсіз директорларының қызметіне байланысты барлық салықтар мен төлемдерді қоса алғанда 2021 жылға арналған жалпы шығыстар

Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту және құзыреттерін дамыту

Мемлекеттік корпорацияда Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттерін дамыту және олармен сыртқы сарапшыларды тарту жөніндегі қағидалар қолданылады. Қағидалар, егер Директорлар кеңесі қарайтын мәселелер сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап ететін болса, Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдыларын дамыту және біліктілігін арттыру жүйесін енгізу және олардың сыртқы сарапшыларды тартуға құқықтарын іске асыру жолымен Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында, корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесі ескеріле отырып әзірленді.

2021 жылы қажеттіліктің болмауына байланысты, сыртқы сарапшылар тартылмады.

Алайда, алғаш рет Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 21 қазандағы шешімімен (№ 01-01-02/04 хаттама) бекітілген Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттерін дамыту жөніндегі 2021 жылға арналған бағдарлама (жоспар) іске асырылды. Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшелері 2021 жылдың сәуір айында Нұр-Сұлтан қаласында КРМГ компаниясы ұйымдастырып, өткізген «Дағдарыс жағдайында ақша ағынын басқару» тақырыбы бойынша семинардан өтіп, сертификаттар алды, сондай-ақ Ішкі аудит комитетінің төрағасы және мүшелері Б.Ф. Мұхамеджанов, З.Я. Балиева және Н.С. Есембаев курстан өтіп, «Тәуекел-менеджмент» тақырыбы бойынша сертификаттар алды (2021 жылғы 3-4 тамыз, Алматы қаласы, «INTERNATIONAL BUSINESS ACADEMY IBA» компаниясы).



Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін бағалау

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 27 қарашадағы шешімімен (№ 01-01-02/05 хаттама) Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізу туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бекітілді.

Мемлекеттік корпорацияның Корпоративтік басқару кодексінде және жоғарыда көрсетілген ережеде Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процесс шеңберінде жыл сайынғы бағалау жүргізу көзделген. Бұл ретте, үш жылда кемінде бір рет бағалау тәуелсіз консультанттарды тарта отырып жүргізіледі. 2022 жылғы 16 ақпанда Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі (№ 01-01-02/01 хаттама) Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің 2021 жылғы қызметіне Корпоративтік хатшының жұмысын үйлестіре отырып, Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне сауалнама жүргізу арқылы өзін-өзі бағалау әдісімен бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады.

Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің қызметін бағалауға (бұдан әрі – Бағалау) келесі өлшемшарттар қамтылды:

- өкілеттіктері мен құзыреттері,
- Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын іске асыру,
- Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамы,
- жұмыс тәртібі және оның қызметін ақпараттық қамтамасыз ету,
- міндеттері мен жауапкершілігі.

Озық тәжірибе ұсынымдарына сәйкес бағалау Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің жұмысын жандандырудың және оның мүшелерінің тікелей қатысуын, Мемлекеттік корпорацияның табысты жұмысын қамтамасыз етуде Директорлар кеңесінің тиімділігін арттырудың негізгі мақсатын көздеді.

Директорлар кеңесінің қызмет тиімділігін бағалаудың сауалнамалық деректерін қорытындылау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша бағалау 4,71 – ден жоғары болды (осы саладағы тәжірибе үздік стандарттарға сәйкес келеді, бірақ жекелеген ұсынымдар мен ұсыныстар бар),

ал Комитеттің қызметін бағалау - 4,95 (осы саладағы тәжірибе үздік стандарттарға сәйкес келеді, жақсартуды талап етпейді және мұндай тәжірибені мынадай жалғастырған жөн), бұл таңдалған ұйымдастырушылық модель мен құрылым үшін қолайлы болып табылады.

Сауалнама нәтижелері Директорлар кеңесінің басшылығына деген сенімді және бір-біріне деген өзара құрметті көрсетті. Талқылауға және жетілдіруге жататын ұсыныстар мен ұсынымдардың болуына қарамастан, Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің жұмыс қызметінде елеулі кемшіліктер табылмағанын атап өту қажет. Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің отырыстарын өткізу саясатын көп жағдайда сындарлы деп, ал Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметі тұтастай алғанда қанағаттанарлық деп сипаттауға болады.


Бағалау 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметінің көптеген аспектілері корпоративтік даму тәжірибесінің ұсынымдарына сәйкес келетінін көрсетті.

Директорлар кеңесі жұмысының қорытындысы

2021 жылы Директорлар кеңесі 10 отырыс өткізді, оның ішінде 5 ішкі отырыс және сырттай дауыс беру арқылы өткізілген 5 отырыс. Жалпы алғанда, Директорлар кеңесіне 71 мәселе, оның ішінде күн тәртібінен алынып тасталған 2 мәселе шығарылды (Мемлекеттік корпорацияның активтерін өткізу қағидаларын оны пысықтау қажеттілігіне орай жаңа редакцияда бекіту туралы және Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықтарының мөлшерін еңбекақы төлеудің бекітілген схемасына сәйкес белгілеу туралы – ерте шығарылғандықтан).

Кодекстің ұсынымдарына сәйкес жыл сайын сырттай өткізілетін Директорлар кеңесі отырыстарының санын барынша азайту талап етілетінін атап өткен жөн. Алайда, пандемияға және сырқаттанушылық саны бойынша елдегі жағдайдың нашарлауына байланысты, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы ережеде рұқсат етілетін шешімдер қабылдаудың шұғылдығына байланысты, Директорлар кеңесі төрағасының келісімімен 2021 жылы сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылданған.

Директорлар кеңесінің 3 жыл ішіндегі жұмысының салыстырмалы деректері



Директорлар кеңесі қараған мәселелер туралы ақпарат

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен бекітілген (хаттама № 01-01-02/06) Директорлар кеңесінің 2021 жылғы жұмыс жоспарына (бұдан әрі – Жоспар) сәйкес жұмыс істеді.

Директорлар кеңесінің жұмысты жоспарлау тәжірибесі өзін жағымды жағынан көрсетті және директорларға алдағы отырыстарды ескере отырып, өз жұмысының кестесін есептеуге мүмкіндік берді, бұл нәтижесінде, отырыстарды өткізуді ұйымдастыруға және Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің негізділігіне әсер етті.

Жоспарда 35 мәселені қарау қарастырылған. Директорлар кеңесі жоспардан тыс қосымша 34 мәселені қарастырғанын атап өткен жөн. Жалпы, Директорлар кеңесінің жоспарды орындау жөніндегі қызметін нәтижелі деп тануға болады. Жоспар барлық тармақтар бойынша 100% орындалды.

69 мәселені қарап және келесі шешімдер қабылданды:

- қаржылық есептілік және жоспарлау бойынша - 8;
- стратегиялық сипаттағы - 7;
- ішкі аудит, тәуекелдерді басқару және бақылау мәселелері бойынша - 18;
- Омбудсмен және комплаенс бақылау қызметінің мәселелері бойынша - 8;
- корпоративтік басқару - 13;
- кадрлар және сыйақылар - 6;
- ішкі құжаттарды бекіту бойынша – 9 шешім қабылданған.

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесіне алдын ала қарау, талдау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу жолымен ықпал ету үшін Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 29.04.2016 жылғы шешімімен (№ 01/16 хаттама) Директорлар кеңесінің 4 комитеті құрылды:

Ішкі аудит комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Кадрлар және сыйақы бойынша комитеті

Сәйкестік және тәуекел комитеті

2021 жыл ішінде Комитеттер құрамында екі өзгеріс болды:

- 1) Директорлар кеңесі құрамындағы кадрлық өзгерістерге байланысты;
- 2) Комитеттердің қайта ұйымдастырылуына және Комплаенс пен тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрылуына байланысты, Комитеттердің мүшелерін ротациялау жүргізілді.

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 6 қазандағы шешімімен (№ 01-01-02/08 хаттама) Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет пен Этика жөніндегі комитетті біріктіру арқылы Комитеттерді қайта ұйымдастыруға, сондай-ақ Комплаенс және тәуекелдер жөніндегі жаңа комитетті құруға байланысты, Комитеттердің мүшелерін ротациялау жүргізіліп, Комитеттер төмендегі жаңа құрамдарда бекітілді:

- 01 Ішкі аудит комитеті:**
 Мұхамеджанов Бектас Ғафурұлы - төраға;
 Балиева Зағипа Яхияқызы - Комитет мүшесі;
 Ивар Талло - Комитет мүшесі;
 Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері - Комитет хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).
- 02 Стратегиялық жоспарлау комитеті:**
 Ивар Талло - төраға;
 Мұхамеджанов Бектас Ғафурұлы - Комитет мүшесі;
 Балиева Зағипа Яхияқызы - Комитет мүшесі;
 Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері - Комитет хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).
- 03 Кадрлар, сыйақылар және этика жөніндегі комитет:**
 Найзабекова Акмарал Сериковна – председатель;
 Балиева Зағипа Яхияновна – член Комитета;
 Ивар Талло – член Комитета;
 Работник Государственной корпорации – секретарь Комитета (без права голоса).
- 04 Комплаенс және тәуекелдер жөніндегі комитет:**
 Балиева Зағипа Яхияқызы - төраға;
 Мұхамеджанов Бектас Ғафурұлы - Комитет мүшесі;
 Найзабекова Акмарал Серікқызы - Комитет мүшесі;
 Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері - Комитет хатшысы (дауыс беру құқығынсыз).



Ішкі аудит комитеті

2021 жылы Тәуелсіз директор Б.Ф. Мұхамеджанов **Ішкі аудит комитетінің төрағасы** болып белгіленген.

Есептік кезеңде Ішкі аудит комитеті тұрақты негізде Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің қызметіне жетекшілік етті, кадрлардың тұрақтамауы және аталған Қызметке бос лауазымдарға үміткерлерді іріктеу мәселелері талқыланған, Қызмет ұсынатын есептердің сапасы мен толықтығын күшейту бойынша шаралар қабылданған. Сонымен бірге Комитет тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін бақылауды орындады, ай сайынғы негізде Мемлекеттік корпорация тәуекелдерінің ауысуы бойынша есепті қадағалаған, Мемлекеттік корпорацияның есептік кезеңдегі жылдық қаржылық есептілігіне жүргізілген сыртқы аудиттің қорытындыларын мұқият зерттеп, формальды және үстіртін тәсілді атап өтті, техникалық ерекшелікті пысықтау және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес аудит жүргізу бөлігінде қажетті талаптарды айқындау жолымен конкурсқа қатысу үшін «үлкен төрттіктен» компанияларды тарту мүмкіндігі туралы өтініш білдірген. Корпоративтік басқару жүйесін жақсарту жөніндегі мәселелер, бюджеттеуде, қаражатты жұмсауда және Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруында жүйелі сипатқа ие проблемалық мәселелер назардан тыс қалған жоқ.

Ішкі аудит комитеті 2021 жылы қойылған мақсаттар мен міндеттерді толық көлемде орындады, барлық жетекшілік ететін мәселелер бойынша өз функциялары мен міндеттерін тұрақты негізде орындады, сондай-ақ 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын 100% және одан да асыра орындады.

Комитет по стратегическому планированию

Стратегиялық жоспарлау комитетін 2021 жылы Ивар Талло басқарды.

Өз қызметі шеңберінде Комитет стратегиялық, бюджеттік жоспарлау, жарияланған акцияларды орналастыру, таза кірісті бөлу, даму стратегиясын, даму жоспарларын іске асыру есебі, Мемлекеттік корпорацияның есептік кезеңдегі қызметі туралы жылдық есеп бойынша ұсынымдар берген. Комитет есептік кезеңде Мемлекеттік корпорацияны дамытудың жаңа бағыттарын жоспарлау және әзірлеу мәселелеріне басты назар аударды, оның қорытындысы Директорлар кеңесінің 2022-2026 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясын қабылдауы болды.

2021 жылы Комитет қойылған мақсаттар мен міндеттерді толық көлемде орындады, Стратегиялық жоспарлау комитетінің 2021 жылға арналған ережесі мен жұмыс жоспарына сәйкес функциялар мен міндеттерді уақытылы және жүйелі негізде орындады.

Кадрлар және сыйақылар және этика жөніндегі комитет

Кадрлар және сыйақылар және этика жөніндегі комитеттің қызметін 2021 жылғы 6 қазанға дейін екі жеке Кадрлар және сыйақылар комитеті (оның төрағасы - тәуелсіз директор Н.С. Есембаев болған) және Этика жөніндегі комитет (З.Я. Балиева басқарған) жүзеге асырған (хаттама № 01-01-02/01).

Кейінірек, Комитеттердің қайта ұйымдастырылуына байланысты, Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 06 қазандағы шешімімен (№ 01-01-02/08 хаттама) Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет пен Этика жөніндегі комитет бір Кадрлар, сыйақылар және этика жөніндегі комитет болып біріктірілген. Кадрлар, сыйақылар және этика жөніндегі комитеттің төрағасы болып Директорлар кеңесінің осы отырысының шешімімен жаңадан сайланған тәуелсіз директор А.С. Найзабекова белгіленген.

Комитет кадр саясатын іске асыру бойынша бақылауды жүзеге асырды, Мемлекеттік корпорация басшылығы қызметінің негізгі көрсеткіштерін талқылауға және олардың орындалуы бойынша бағалауға қатысты, Басқарма, Корпоративтік хатшы қызметінің негізгі көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың қорытынды нәтижелілігін мақұлдады, Омбудсменге сыйақы беру мәселелерін қарады. Бұдан басқа, Мемлекеттік корпорацияда жұмыскерлердің Іскерлік этика кодексінің қағидаттарын қолдауына бақылауды жүзеге асырды, этикалық нормаларды бұзумен байланысты жанжалды жағдайларға ден қойды.

Комитет туралы ереженің 6.1-тармағына сәйкес, Комитет бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес, бірақ тоқсанына кемінде бір рет күндізгі немесе сырттай нысанда отырыс өткізеді

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспары осы Комитеттің 2021 жылғы 17 ақпандағы шешімімен бекітілген (№ 01-01-05/ККБ-02 хаттама), онда 13 мәселені қарау және 6 отырыс өткізу қарастырылған, оның ішінде 1 резервтік, ал Этика жөніндегі комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспары Этика жөніндегі комитеттің 2021 жылғы 17 ақпандағы шешімімен бекітілген (№01-01-05/КЭ - 2 хаттама), онда 6 мәселені қарау және 5 отырысты өткізу қарастырылған, оның ішінде 1 резервтік.

14 отырыс өткізген

32 мәселе қаралған

Аталған Комитеттің басшылығымен Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметіне бағалау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша қосымша назар аударуды талап ететін салалар белгіленді, директорлардың кәсіби даму мүмкіндіктері қаралды, еңбекке ақы төлеу жүйелері, қызметтің негізгі көрсеткіштерін айқындау мәселелері және Басқарма төрағасы мен мүшелеріне сыйақы беру қорытындылары ерекше назар аударылды.

Комитет өз жұмысында Мемлекеттік корпорацияның Жарғысын, Кодексті және Комитет туралы ережені мүлтіксіз басшылыққа алды. Бұл ретте, Директорлар кеңесі Комитет әзірлеген ұсынымдарды толық көлемде орындады, олардың ешқайсысын Директорлар кеңесі қабылдамай қоюы болмаған.

2021 жылы Комитет өз жұмысымен Директорлар кеңесінің жұмысына барынша ықпал етіп, өзінің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді толық көлемде орындады, сондай-ақ 2021 жылға арналған өз жұмысының жоспарын да орындады.

Комплаенс және тәуекелдер жөніндегі КОМИТЕТ

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 6 қазандағы шешімімен (№ 01-01-02/08 хаттама) COMPLAENS және тәуекелдер комитеті құрылды. Осы шешіммен тәуелсіз директор З.Я. Балиева COMPLAENS және тәуекелдер комитетінің төрағасы болып белгіленді.

Сонымен бірге COMPLAENS бақылау бойынша мәселелерге жетекшілік етуді 2021 жылы маусымнан бастап жекелеген Комитет құрылғанға дейін Ішкі аудит комитеті жүзеге асырғанын атап өткен жөн. COMPLAENS және тәуекелдер комитеті 2021 жылғы қазан айында құрылғандықтан және бірінші отырыс 2021 жылғы желтоқсан айында өткізілгендіктен, аталған Комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілмеген.

Есептік кезеңде Комитеттің 2 отырысы өткізілді: 1 - Ішкі аудит комитетімен бірлесіп. Іштей өткізілді және 1 – сырттай өткізілді, Ішкі аудит комитетімен бірлескен өткізілген отырыста қаралған мәселені қосқанда 6 мәселе қаралды.

Бірлескен отырыста қаралған және Ішкі аудит комитетінің қызметі туралы есепте ескерілген мәселені есепке алмағанда, 5 мәселені қарау қорытындысы бойынша, қайталауды болдырмау мақсатында, 5 ұсыным мен тапсырмалар қабылданып, берілді, олардың барлығы қазіргі кезде орындалған.

Көрсетілген Комитеттің басшылығымен COMPLAENS бақылау қызметінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары бойынша дайындық жұмысы жүргізілді, қойылған міндеттерді іске асыру үшін жетекшілік ететін Қызметтің штат санының қажеттілігіне егжей-тегжейлі талдау, негізгі тәуекелдерді іріктеу бойынша критерийлерді айқындау жөніндегі мәселелер, сондай-ақ Комитеттің құзыреті бойынша бірқатар ішкі құжаттар жүргізілді.

Комитет өз жұмысында Мемлекеттік корпорацияның Жарғысын, Кодексті және Комитет туралы ережені басшылыққа алды.

Комитеттің жұмысы жыл соңында басталғанын ескере отырып, өзекті мәселелер және мұқият назар аудару мен қарауды талап ететін қажетті шаралар Комитетпен шешілді.

Корпоративтік басқаруға байланысты маңызды корпоративтік оқиғалар

- 2021 жылғы 5 қаңтарда Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрайымы А.С. Балташеваның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды (№ 1-Ж/Қ бұйрық);
- 2021 жылғы 8 қаңтарда Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасы Ә.Ф. Қожықов сайланды (№ 4-Ж/Қ бұйрық);
- 2021 жылғы 15 қаңтарда Жалғыз акционердің шешімімен Директорлар кеңесінің мүшелері А.С. Балташеваның және М.М. Ишмухамедовтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Директорлар кеңесінің мүшесі Ә.Ф. Қожықов пен тәуелсіз директор З.Я. Балиева сайланды (№ 8/НҚ бұйрық);
- 2021 жылғы 5 наурызда Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорация төрағасының орынбасары - Басқарма мүшесі М.А. Садановтың және аппарат басшысы - Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшесі О.Б. Шоқпаровтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және С.Л. Жұмабеков Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшесі - Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасының орынбасары лауазымына және А.Е. Мұсан Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшесі - Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппаратының басшысы лауазымына тағайындалды (03.04.2021 ж № 6-Ж/Қ бұйрық);
- 2021 жылғы 13 сәуірде Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйым бекітілді (№ 128/НҚ бұйрық);
- 2021 жылғы 15 сәуірде Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына өзгерістер енгізілді (№ 130/НҚ бұйрық);
- 2021 жылғы 27 сәуірде Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның жарияланған акцияларының саны көбейтілді (№ 150/НҚ бұйрық);
- 2021 жылғы 10 маусымда Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі және таза табысын бөлу тәртібі бекітілді (№ 204/НҚ бұйрық);
- 2021 жылғы 3 шілдеде Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына өзгерістер енгізілді (№ 234/НҚ бұйрық);
- 2021 жылғы 19 тамызда Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі Н.С. Есембаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамына А.С. Найзабекова тәуелсіз директор болып сайланды (№ 286/НҚ бұйрық);
- 2021 жылғы 3 қарашада Жалғыз акционердің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшесі Р.Е. Манатаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ОМБУДСМЕНІ

Мемлекеттік корпорацияның Омбудсменін Директорлар кеңесі тағайындайды және оған жыл сайын жұмыс қорытындысы бойынша есеп береді. Омбудсменнің қызметі 2021 жылы Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен (№ 01-01-02/03 хаттама) бекітілген Омбудсменнің жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Корпоративтік мәдениетті, іскерлік этиканы жетілдіру, іскерлік этика кодексін сақтау бағыты бойынша:

Жыл басында филиалдардың, жекелеген фронт-офистердің басшылық құрамын телефон арқылы сауалнама, Мемлекеттік корпорацияның жұмыскерлеріне жасырын онлайн-сауалнама жүргізу деректері негізінде корпоратившілік өзара қарым-қатынастарға талдау жүргізілді (8 677 респондент). Нәтижелері бойынша Мемлекеттік корпорация басшылығына корпоративтік мәдениет тиімділігін арттыру, жұмыскерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша 7 ұсыным берілді.

Карантин жағдайындағы шектеулерге байланысты бірінші жартыжылдықта Мемлекеттік корпорацияның жұмыскерлерімен және өңірлік ұжымдармен кездесулер (сауалнамалар, консультациялар, түсіндірулер) негізінен онлайн форматта өткізілгенін атап өткен жөн.

Еңбек заңнамасын, іскерлік этиканы сақтау, проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешу мәселелері бойынша өтініштер мен шағымдарға талдау жүргізілді. 2021 жылы барлығы **61 өтініш түскен**, оның ішінде 18 - жазбаша (бір ұжымдық) және 43 - ауызша. 18 жазбаша өтініштің 10-ы Мемлекеттік корпорацияның жұмыскерлерінен, 8-і азаматтар мен ұйымдардан келіп түскен, 2-і кері қайтарылып алынды және 2-і жасырын болып табылады.

Барлық жазбаша және ауызша өтініштерге жазбаша жауаптар мен ауызша кеңестер берілді. Өтініш берушілер тарапынан қайталанған өтініштер түскен жоқ.

Талдау қорытындысы бойынша фронт-офистердегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту және орталықтың өңірлермен коммуникациялық өзара әрекет етуін арттыру бөлігінде 2 ұсыным берілген.

Еңбек дауларын, мүдделер қақтығыстарын реттеу және проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге ықпал ету бағыты бойынша:

Әлеуметтік көңіл-күйді мониторингілеу мақсатында, ұжымдарда **жұмыскерлердің 62,4%-ын** қамти отырып, жасырын онлайн-сауалнама жүргізілді. Жалпы сауалнама қорытындысы бойынша 5-8 қазанда 775 адам қамтылып, **ZOOM арқылы 4 аймақтық онлайн-кеңес өткізілді**

9 аймаққа 11 шығу жүзеге асырылды. Сапарлар барысында **1 755 адам қамтылған** фронт- және бэк-офистердің еңбек ұжымдарымен, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылармен, студенттермен және оқушылармен (660 адам) **97 кездесу өткізілді.** Ұжымдардағы кездесулерде әлеуметтік-еңбек сипатындағы туындайтын проблемалық мәселелер талқыланды, филиал директорларының құзырына кіретін кейбір әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу бойынша нақты шаралар қабылданды, жұмыскерлердің барлық сұрақтарына жауаптар, сондай-ақ проблемаларды шешу жолдары туралы ақпарат берілді, Мемлекеттік корпорацияның 2022-2026 жылдарға арналған жаңа стратегиясы талқыланды.

Мемлекеттік корпорация Басқармасының, орталық мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін, зерделеуді талап ететін мәселелер Мемлекеттік корпорация басшылығының, тиісті министрліктердің, ҚР Парламенті Мәжілісінің жекелеген депутаттарының назарына жеткізілді.

Өңірлерге шығу барысында челлендж басталды, оның мақсаты аға буынның цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша ЖОО студенттері - жастардың әлеуетін пайдалану болып табылады. Челленджге Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің, Семей қаласындағы Ә. Бөкейхан атындағы университетінің ерікті студенттері, Орал қаласындағы колледж оқушылары қатысады. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті және басқа да жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттерінің челленджіне қатысуға алдын ала келісім бар. Аталған пилоттық жоба Мемлекеттік корпорация басшылығымен бірлесіп, Білім және ғылым министрлігімен барлық өңірлерге тираждау жоспарында пысықталатын болады.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс бағыты бойынша:

Мемлекеттік корпорация қызметінің мәселелері бойынша **«Хабарда» «Бүгін»** бағдарламасының екі бағдарламасына тікелей эфирде, **Қазрадио**да **цифрландыру тақырыбы** бойынша тікелей эфирде, Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша төрт өңірдің телевизиялық хабарларында тікелей эфирде қатысты. Облыстық ТВ және баспа басылымдарының журналистеріне Мемлекеттік корпорацияның және оның жұмыскерлерінің қызметі туралы сұхбат берілді, «Литер» газеті мен «Успех» журналы журналистерінің сұрақтарына жауаптар берілді. Жыл бойы әлеуметтік желілер Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің қызметін, оларды қолдау қажеттілігін көрсету үшін белсенді пайдаланылды.

ІШКІ АУДИТ ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС БАҚЫЛАУ

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі - ІАҚ) Мемлекеттік корпорацияның қызметін жетілдіру мақсатында қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттардың орындалуын жүзеге асыратын Мемлекеттік корпорацияның органы болып табылады. ІАҚ тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді Ішкі аудит комитеті жүзеге асырады. ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде ҚР заңнамасын, Жарғыны, Мемлекеттік корпорация органдарының шешімдерін, ІАҚ туралы ережені, Директорлар кеңесі бекітетін жылдық аудиторлық жоспарды, Мемлекеттік корпорацияның басқа да ішкі құжаттарын және Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарының базалық қағидаттарын басшылыққа алады.

2021 жылы ІАҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен (№ 01-01-02/06 хаттама) бекітілген 2021 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарда көзделген барлық **10 жоспарлы аудиторлық тапсырманы** және **10 аудит** объектісін қамти отырып, **7 жоспардан тыс аудиторлық тапсырманы** орындады.

ІАҚ-тың орындалған аудиторлық тапсырмаларының қорытындысы бойынша тиісті ұсынымдар берілді және аудит объектілерінің Түзету іс-қимылдарының жоспарларын қабылдауы қамтамасыз етілді, оларды орындалуын мониторингілеу ІАҚ-мен және Мемлекеттік корпорацияның тәуекелдерді басқаруға жауапты Басқарма аппаратының құрылымдық бөлімшесімен ай сайынғы негізінде жүзеге асырылады. ІАҚ қызметінің нәтижелері тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

Мемлекеттік корпорация сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өз үлесін қосады және халықаралық стандарттармен ұсынылған сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу және ескерту саласында қосымша міндеттемелерді қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, ішкі реттеушілік талаптардың сақталуын, Мемлекеттік корпорацияда комплаенс-тәуекелдерге бағалау жүргізуді Директорлар кеңесінің шешімімен 2021 жылғы мамырда құрылған Комплаенс-бақылау қызметі (бұдан әрі - КБҚ) қамтамасыз етеді. КБҚ қызметі тиісті жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады және КБҚ туралы ережемен реттеледі.

Қызметтің сыбайлас жемқорлық қауіпті салаларын анықтау мен талдаудың тиімді механизмдерін қалыптастыру, Мемлекеттік корпорацияны құқықтық, экономикалық, беделдік және өзге де қауіп-қатерлерден кешенді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, үздік халықаралық стандарттарға сәйкес, Директорлар кеңесінің шешімімен Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, Мемлекеттік корпорацияны бастамашылық ақпараттандыру саясаты бекітілді (2021 жылғы 6 қазандағы № 01-01-02/08 хаттама).

Аталған Саясатқа сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ҚР заңнамасын бұзу фактілері, әдепсіз мінез-құлық немесе кемсітушілік мәселелері бойынша алаңдаушылықты білдіретін ішкі арналардан басқа, КБҚ әкімшілік ететін **compliance.control@gov4c.kz** электрондық поштасы арқылы бастамашылық ақпараттандырудың сыртқы желісі енгізілді.

13. МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯ БАСҚАРМАСЫ

Басқарма Мемлекеттік корпорацияның алқалы атқарушы органы болып табылады. Басқарманың қызметі Заңмен, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысымен, Басқарма туралы ережемен және Мемлекеттік корпорацияның басқа да ішкі құжаттарымен регламенттелген. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Мемлекеттік корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Мемлекеттік корпорацияның Даму стратегиясы мен Даму жоспарының, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің іске асырылуына жауаптылықта болады.

2021 жылдың басында Мемлекеттік корпорация Басқармасы келесі құрамда ұсынылды:

Аты-жөні	Лауазымы
Қожихов Әділ Ғалымжанұлы	Басқарма төрағасы
Әбділдин Сүйеніш Төлеуханұлы	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары
Абаханов Нұрсұлтан Бауетденұлы	Басқарма төрағасының орынбасары
Саданов Мади Амангелдіұлы	Басқарма төрағасының орынбасары
Жүнісов Біржан Уалиұлы	Басқарма төрағасының орынбасары
Шоқпаров Олжас Болатұлы	Басқарма аппаратының басшысы

Басқарманың негізгі міндеттері Мемлекеттік корпорация қызметінің стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу, қаржы-шаруашылық саясатты іске асыру, оның ағымдағы шаруашылық қызметінің аса маңызды мәселелері бойынша шешімдер әзірлеу және оның бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру, бақылау жүйесінің және тәуекелдер мониторингі жүйесінің тиімділігін арттыру, Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру туралы ақпарат, Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшелеріне сыйақы беру шарттары мен тәртібі Басқарма туралы ережеде, Мемлекеттік корпорацияның басшы қызметкерлеріне, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне және Корпоративтік хатшысына еңбекақы төлеу қағидаларында, Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген Мемлекеттік корпорацияның басшы қызметкерлеріне қызмет тиімділігін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларында айқындалған.

Директорлар кеңесі Жалғыз акционермен келісім бойынша лауазымдық жалақылардың мөлшерін, Басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын айқындайды. Есептік жыл үшін шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы сыйақы төлеу үшін негізгі шарт болып табылады.

Сыйақы Директорлар кеңесі бекітетін корпоративтік және функционалдық көрсеткіштерден тұратын уәждемелік ҚНҚ орындалуына байланысты бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша төленеді. Уәждемелік ҚНҚ Жалғыз акционердің күтулерін және Мемлекеттік корпорацияның стратегиялық мақсаттарын нақты көрсеткіштерге каскадтау арқылы ҚНҚ картасы түрінде әзірленеді. Бұл ретте, жыл қорытындысы бойынша сыйлықақылардың жалпы жылдық көлемі ЕТҚ қаражаты шегінде Басқарманың әрбір мүшесіне 6 лауазымдық айлықақыдан аспауы тиіс. Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.

32 748 645 теңге **Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 маусымдағы шешіміне (№ 01-01-02/05 хаттама) сәйкес 2021 жылғы ҚНҚ орындау қорытындысы бойынша Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелеріне сыйақының жалпы сомасы**

2021 ЖЫЛ ІШІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҰШЫРАДЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДА КЕЛЕСІ БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕН ТҰРДЫ:



ҚОЖЫҚОВ ӘДІЛ ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ.

ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ:

2021 ЖЫЛҒЫ 8 ҚАҢТАР - 2022 ЖЫЛҒЫ 6 СӘУІР

АЗАМАТТЫҒЫ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ТУҒАН КҮНІ:

1978 ЖЫЛҒЫ 2 ҚАРАША

БІЛІМ:

000 ЖЫЛЫ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН «САЯСАТТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН.

ӨКІЛЕТТІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ДЕҢГЕЙІ:

МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІН ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ БАСШЫЛЫҚ ЕТУ. МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ЖҮРГІЗУІНДЕГІ САЛАЛАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУ. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ШЕШІМДЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ



ӘБДІЛДИН СҮЙЕНІШ ТӨЛЕУХАНҰЛЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ

ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ:

2020 ЖЫЛҒЫ 7 ҚАЗАН - 2022 ЖЫЛҒЫ 7 СӘУІР.

ӨКІЛЕТТІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ДЕҢГЕЙІ:

СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ТАЛДАУ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ, ФРОНТ-ОФИСТЕРДІ ҮЙЛЕСТІРУ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІҢ САПАСЫ МЕН БАҚЫЛАУ, БІРЫҢҒАЙ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ, АХУАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚ, «Е-ӨТІНІШ» ЖӘНЕ «НӘТИЖЕ» ЖОБАЛАРЫ, СОНДАЙ-АҚ IT ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША МҮДДЕЛЕРДІ БІЛДІРУ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

АЗАМАТТЫҒЫ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ТУҒАН КҮНІ:

1990 ЖЫЛҒЫ 23 МАУСЫМ

БІЛІМ:

2011 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН «ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША, 2014 ЖЫЛЫ - ҰЛЫБРИТАНИЯДАҒЫ БИРМИНГЕМ УНИВЕРСИТЕТІН БІТІРГЕН, КОМПЬЮТЕРЛІК ҒЫЛЫМДАР МАГИСТРІ.

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ



АБАХАНОВ НҰРСҰЛТАН БАУЕТДЕНҰЛЫ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ.

ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ:

2020 ЖЫЛҒЫ 7 ҚАЗАН – ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН.

ӨКІЛЕТТІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ДЕҢГЕЙІ:

МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

АЗАМАТТЫҒЫ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ТУҒАН КҮНІ:

1983 ЖЫЛҒЫ 26 НАУРЫЗ

БІЛІМ:

2004 ЖЫЛЫ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН «ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША; 2009 ЖЫЛЫ – «КОРПОРАТИВТІК МЕНЕДЖМЕНТ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС АКАДЕМИЯСЫН; 2010 ЖЫЛЫ – АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫН «ҚҰҚЫҚТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН.

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ



ЖҰМАБЕКОВ СЕРЖАН ЛЕСБЕКҰЛЫ

БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ:

2021 ЖЫЛҒЫ 5 НАУРЫЗ – 2022 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗ.

ӨКІЛЕТТІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ДЕҢГЕЙІ:

ЖЕР КАДАСТРЫ, ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК БЭЖ-ОФИСТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫН ДАМУ ТУРАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАР БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ МӘСЕЛелЕРІ БОЙЫНША МҮДДЕЛЕРДІ БІЛДІРУ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

АЗАМАТТЫҒЫ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ТУҒАН КҮНІ:

1979 ЖЫЛҒЫ 2 МАУСЫМ

БІЛІМ:

2001 ЖЫЛЫ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ» МАМАҢДЫҒЫ БОЙЫНША; 2009 ЖЫЛЫ – Т. РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН МАМАҢДЫҒЫ «ҚАРЖЫ» БІТІРГЕН.

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ



ЖҮНІСОВ БІРЖАН УАЛИҰЛЫ

БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ.

ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ:

2019 ЖЫЛҒЫ 22 СӘУІР – ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН.

ӨКІЛЕТТІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ДЕҢГЕЙІ:

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ, ЫНТЫМАҚТЫ ЖҮЙЕ, МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕЛЕРІ МӘСЕЛелЕРІ БОЙЫНША МҮДДЕЛЕРДІ БІЛДІРУ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЕҢБЕК САЛАСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ.

АЗАМАТТЫҒЫ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ТУҒАН КҮНІ:

1972 ЖЫЛҒЫ 15 ШІЛДЕ

БІЛІМ:

1995 ЖЫЛЫ ЖЕЗҚАЗҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫН «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» МАМАҢДЫҒЫ БОЙЫНША; 2005 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАҢДЫ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТЫН «ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ» МАМАҢДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН.

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ



МҰСАН АСҚАР ЕСЕНҰЛЫ

БАСҚАРМА АППАРАТЫНЫҢ БАСШЫСЫ.

ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ:

2021 ЖЫЛҒЫ 5 НАУРЫЗ – 2022 ЖЫЛҒЫ 12 ҚАҢТАР.

ӨКІЛЕТТІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ДЕҢГЕЙІ:

БАСҚАРМА АППАРАТЫНА БАСШЫЛЫҚ ЕТУ: ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІ ШЕГІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ БАСҚАРМА АППАРАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ, ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ. ҚҰҚЫҚТЫҚ, КАДРЛЫҚ, ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ, ҚҰЖАТТАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ, МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ЖҮРГІЗУ САЛАСЫНДА ЖАЛПЫ БАСШЫЛЫҚ ЕТУ.

АЗАМАТТЫҒЫ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ТУҒАН КҮНІ:

1982 ЖЫЛҒЫ 17 ҚЫРКҮЙЕК

БІЛІМ:

2004 ЖЫЛЫ Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН «ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ ЖӘНЕ САЛАЛАРДАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ» МАМАҢДЫҒЫ БОЙЫНША ЖӘНЕ 2010 ЖЫЛЫ БИЗНЕС ӘКІМШІЛЕНДІРУ МАГИСТРІ МАМАҢДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН; 2013 ЖЫЛЫ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС АКАДЕМИЯСЫН «КОРПОРАТИВТІК МЕНЕДЖМЕНТ» МАМАҢДЫҒЫ БОЙЫНША БІТІРГЕН

КОМПАНИЯНЫҢ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯНЫҢ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫН ИЕЛЕНУІ:

ЖОҚ



V. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

13. Қаржылық және операциялық қызмет нәтижелері

14. 2017-2021 жылдардағы сыртқы аудитор туралы ақпарат



14. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мемлекеттік корпорация бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңын, 2015 жылғы 31 мамырдағы № 241 Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын, Мемлекеттік корпорацияның Есеп саясатын және Салықтық есеп саясатын, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (бұдан әрі – ХҚЕС) басшылыққа алады.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Мемлекеттік корпорацияның қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі - ХҚЕСК) шығарған ХҚЕС-ке және ХҚЕСК халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын түсіндіру комитеті шығарған интерпретацияларға сәйкес дайындалған. Қаржылық есептілік тану күніне бағалау немесе әділ құны бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан басқа, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде қалыптастырылған.

Есептік кезеңде Басқарма 55 отырыс өткізген, оның ішінде 29 немесе 52,7% – ішкі нысанда, 26 – сырттай (2020 жылы – 29 отырыс, оның ішінде 25 немесе 86,2% - ішкі және 4 сырттай), онда 172 мәселе қаралған (құрылым, сыйақы, ішкі регламенттеуші құжаттарды бекіту мәселелері, есептік ақпарат және т. б.) (2020 жылы – 128). Басқарманың қарау нәтижелері бойынша 34 құжат бекітіліп, 138 құжат мақұлданған. Осылайша, 2020 жылмен салыстырғанда отырыстар саны 2 есеге ұлғайған, қаралған мәселелер саны 25%-ға ұлғайды, ішкі нысандағы отырыстар 33,5%-ға қысқарды.

Қаржылық жағдай туралы есеп

*мың теңгемен

Активтер	Ескертпе	2021 жыл	2020 жыл
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	4	26,892,815	23,399,447
Материалдық емес активтер	5	1,357,769	1,018,629
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		789	11,090
Облигацияларға инвестициялар	6	2,070,602	1,754,997
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	22	-	89,482
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		1,857	2,363
		30,323,832	26,276,008

Есептілікке қаржылық есептіліктің элементтері болып табылатын барлық активтер, міндеттемелер, капитал, кірістер мен шығыстар (қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп) енгізілген.

Меншікті капитал және міндеттемелер

	Ескертпе	2021 жыл	2020 жыл
Жарғылық капитал	12	34,623,109	31,579,946
Бөлінбеген пайда		4,729,747	915,212
		39,352,856	32,495,158
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Жалдау бойынша міндеттемелер		849	11,386
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	12	90,650	-
		91,499	11,386
Ағымдағы міндеттемелер			
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	13	4,517,016	4,670,164
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	14	2,466,007	2,210,660
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер	15	5,366,963	3,962,400
Акционердің кредиторлық берешегі	12	844,663	-
ҚҚС төлеуге		2,007,140	862,373
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	16	1,319,612	1,095,635
		16,521,401	12,801,252
Капитал мен міндеттемелердің барлығы		55,965,756	45,307,796

Жиынтық кіріс туралы есеп

	Ескертпе	2021 жыл	2020 жыл
Түсім	17	78,618,101	78,715,169
Жалдау бойынша кірістер		409,181	237,782
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	18	(65,416,096)	(68,824,797)
Жалпы пайда		13,611,186	10,128,154
Жалпы және әкімшілік шығыстар	19	(10,170,393)	(9,556,038)
Басқа операциялық кірістер	20	399,779	214,229
Басқа операциялық шығыстар	21	(211,528)	(67,632)
Операциялық пайда		3,629,044	718,713
Күтілетін кредиттік шығындарды қалпына келтіру / (есептеу), нетто	22	260,805	(73,208)
Қаржылық кірістер	23	806,571	767,387
Қаржылық шығындар		(1,624)	(3,401)
Салық салынғанға дейінгі пайда / (шығын)		4,694,796	1,409,491
Табыс салығы бойынша шығыстар	24	(880,261)	(722,501)
Есептік жылдағы таза пайда / (шығын)		3,814,535	686,990
Бір жылдағы өзге де жиынтық кіріс		-	-
Есептік жылдағы жиынтық табыс жиынтығы		3,814,535	686,990

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

*мың теңгемен

Ескертпе.	2021 жыл	2020 жыл
Операциялық қызметтен алынған ақша ағындары		
Салық салынғанға дейінгі пайда	4,694,796	1,409,491
Түзетулер:		
Тозу және амортизация	2,531,387	2,946,557
Қаржылық кірістер	(806,571)	(767,387)
Қаржылық шығындар	1,624	3,401
Негізгі құралдардың шығуынан шығын	142,070	42,560
Күтілетін кредиттік шығындарды есептеу	(260,805)	73,208
Жұмыскерлерге демалыстар мен бонустар бойынша резервтерді есептеу	2,089,235	5,675,484
Өтеусіз алынған активтерден түсетін кіріс	(170,130)	(1,327)
Басқа резервтер және есептелген міндеттемелер	12,108	18,511
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда	8,233,714	9,400,498
Айналым капиталын өзгерту:		
Қорлардағы өзгеріс	302,047	(439,611)
Сауда дебиторлық берешектегі және өзге де ағымдағы активтердегі өзгеріс	(280,339)	249,109
Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердегі өзгеріс	(2,242,403)	(3,828,373)
Сауда және өзге де кредиторлық берешектегі және өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс	479,324	447,897

*мың теңгемен

	Ескертпе	2021 жыл	2020 жыл
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгеріс		1,404,563	64,756
ҚҚС төлеуге өзгеріс		1,144,767	(1,081,145)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		9,041,673	4,812,931
Төленген табыс салығы		(401,592)	(528,237)
Алынған сыйақы		485,316	498,321
Жалдау бойынша төленген сыйақы		(1,624)	(3,401)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		9,123,773	4,779,614
Инвестициялық қызметтен алынған ақша ағындары			
Банктік салымдарды (Орналастыру)/ алып қою, нетто		269,593	(3,253,701)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(2,795,868)	(1,520,020)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдер		177,729	9,372
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтеріндегі өзгеріс		506	545
Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) /таза ақша ағындары		(2,348,040)	1,743,598
Негізгі жалдау борышы бойынша міндеттемелерді өтеу		(12,344)	(16,296)
Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша ағындары		(12,344)	(16,296)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгерісі		6,763,389	6,506,916
Күтілетін кредиттік шығындар резервіндегі өзгеріс	22	(2,491)	(252)
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	11	14,947,721	8,441,057
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	11	21,708,619	14,947,721

Мемлекеттік корпорация өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде кіріс алуды көздемейтін және алынған таза табысты Акционердің пайдасына бөлуді жүзеге асырмайтын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қаржылық жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығындағы шоғырландырылған қаржылық есептілікке шолу жүргізу қызметінің қаржылық есептілік аудитін және ХҚЕС сәйкес жылдық қаржылық есептілік аудитін сатып алу туралы шартқа сәйкес сыртқы аудитор – «Crowe Audit Tani» ЖШС тартылған.

Мемлекеттік корпорацияның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 01-01-02/04 шешімімен алдын ала бекітілген, ЦДИАӨ Министрінің 2022 жылғы 31 мамырдағы № 195/нқ бұйрығымен бекітілген және Мемлекеттік корпорацияның gov4c.kz. ресми интернет-ресурсында «Корпорация туралы. Есептілік» бөлімінде орналастырылған.

15. 2017-2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ СЫРТҚЫ АУДИТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қаржылық есептілік аудиті - қаржылық есептілікті ұсынудың белгіленген тұжырымдамалық негізіне (ХҚЕС, ҚЕҰС) сәйкес барлық елеулі аспектілер бойынша қаржылық есептілік дайындалды ма деген пікір білдіру мақсатында тәуелсіз тексеру рәсімі.

Заңның 78-бабының 1-тармағына сәйкес Мемлекеттік корпорацияның қаржылық есептілігінің аудиті міндетті болып табылады.

Жылдық қаржылық есептіліктің және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін бағалаудың дұрыстығын тексеру және растау үшін Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады.

Заңның 53-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және Мемлекеттік корпорация Жарғысының 48-тармағының 10) тармақшасына сәйкес қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Қаржылық есептілік аудитін жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Мемлекеттік корпорацияға жұмысқа қабылданған емес.

2021 жылға қаржылық есептілік аудитін «Crowe Audit Tani» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін «Crowe Audit Tani» ЖШС төлеген сыйақы мөлшері ҚҚС-мен қоса есептегенде 20 048 мың теңгені құрады. «Crowe Audit Tani» ЖШС 2021 жылы қаржылық есептілік пен басқа да ақпарат аудитіне байланысты емес қызметтер көрсеткен жоқ.

2020 жылға қаржылық есептілік аудитін «Crowe Audit KZ» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС-мен қоса есептегенде 21 168 мың теңгені құрады. «Crowe Audit KZ» ЖШС 2020 жылы қаржылық есептілік пен басқа да ақпарат аудитіне байланысты емес қызметтер көрсеткен жоқ.

2019 жылға қаржылық есептілік аудитін «Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізген. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС-мен қоса есептегенде 91 840 мың теңгені құрады. Сондай-ақ «Эрнст энд Янг» ЖШС 2019 жылы семинарлар мен тренингтер өткізу бойынша жалпы сомасы 9 624,6 мың теңгеге қызмет көрсеткен.

2018 жылдың қаржылық есептілігінің аудитін «Центраудит-Қазақстан» тәуелсіз аудиторлық компаниясы» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС-мен қоса есептегенде 18 500 мың теңгені құрады. «Центраудит-Қазақстан» тәуелсіз аудиторлық компаниясы» ЖШС 2018 жылы қаржылық есептіліктің және басқа да ақпараттың аудитіне байланысты емес қызметтерді көрсеткен жоқ.

2017 жылғы қаржылық есептіліктің аудитін «Центраудит-Қазақстан» тәуелсіз аудиторлық компаниясы» ЖШС өткізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС-мен қоса есептегенде 25 000 мың теңгені құрады. «Центраудит-Қазақстан» тәуелсіз аудиторлық компаниясы» ЖШС 2017 жылы қаржылық есептіліктің және басқа да ақпараттың аудитіне байланысты емес қызметтерді көрсеткен жоқ.

Мүдделі тараптар үшін байланыс ақпараты:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, т.е.о.14
Телефон: 8 (7172) 95-51-77, 95-51-78
E-mail: kense_nao@gov4c.kz
Интернет-ресурсы: <https://gov4c.kz>